

**«Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен  
оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған  
Ұжымдық шарт**

**I бөлім. Жалпы ұғымдар**

**Ұжымдық шарт** – қызметкерлер атынан олардың өкілдері мен жұмыс беруші арасында жасалатын, ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жазбаша келісім түріндегі құқықтық акт;

**Жұмыс беруші, Қоғам** – «Вагонсервис» акционерлік қоғамы;

**Қызметкерлердің өкілі, Кәсіподақ** -«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі;

**Қызметкерлер** – жұмыс берушімен еңбек қатынасында тұрган және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орынданған жеке тұлғалар;

**Зейнеткер** – бұрын Қоғамда жұмыс істеген, Қоғам филиалдарында есепте тұрган және:

1) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында көзделген зейнеткерлік жасқа жеткен,

2) 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындары мен филиалдарында есепте болған (теміржол көлігінің медицина мекемелерінің, білім беру, мектепке дейінгі мекемелерінің, «Теміржолмұлік» ашық қоғамының азаматтық құрылыштарды жұмыспен жабдықтау және дистанция бөлімінің бұрынғы қызметкерлері),

3) 1 немесе 2 топтағы мүгедек деп танылған,

4) зейнеткерлікке Тәуелсіз Мемлекеттер достастығына қатысуышы елдердің ұйымдарынан шыққан, жұмысы темір жол көлігімен байланысты, кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар және Қазақстан Республикасына қоныс аударған,

5) зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін көздейтін жергілікті актіге сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты бұзылған жеке тұлға;

**Жасына байланысты жәрдемақы алушылар** – Қоғамның жасына байланысты салалық жәрдемақы алатын бұрынғы қызметкерлері;

**Балалар** – Қоғам қызметкерлерінің балалары;

**Балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлер** – баланы/балаларды жалғыз тәрбиелеуші тұлғалар (некеге тұрмаған әйел/ер, ажырасқан әйел/ер, жесір/тұл, қорғаншы);

**Карауындағы адамдар** – Қоғам қызметкерлерінің еңбекке жарамсыз туыскандары:

а) қызметкердің 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары;

б) бала кезінен I және II топтағы мүгедек немесе I топтағы мүгедек деп танылған, кәмелетке толған, үйленбеген балалары;

в) бала 3 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста отырған қүйеуі/әйелі;

г) ата-ана-тиісті мемлекеттік органдардан берілген құжаттар бойынша, белгіленген тәртіппен, қызметкердің қорғанында немесе қамқоршылығында болатын, женілдіктерге құқығы бар, қызметкермен бірге тұратын және бөгде адамның күтуіне мұқтаж адам;

д) 18 жасқа толмаған, тиісті мемлекеттік органдардан берілген құжаттар бойынша, белгіленген тәртіппен, қызметкердің қорғанында болатын адамдар;

е) белгіленген тәртіппен, қызметкердің қорғанында болатын, тиісті мемлекеттік органдардан берілген құжаттар бойынша бөгде адамның күтуіне мұқтаж адам;

**Әлеуметтік пакет** – Қоғам тарапынан қызметкерлер мен зейнеткерлерді ынталандыру, жұмыста қалдыру, еңбек тиімділігін арттыру, сондай-ақ оларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қорғау мақсатында ұсынылатын кепілдіктер, женілдіктер мен өтемақылар;

**Дистанциялық (қашықтықтан атқарылатын) жұмыс** – жұмыс процесінде ақпарат-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, еңбек процесін жұмыс берушінің орналасқан жерінен тыскары жүзеге асырудың айрықша нысаны;

**Транзит** – бұл жолаушыларды бір пунктten екінші пунктке аралық пункттер арқылы тасымалдау;

**Арнайы көлік құралы** – жұмыс берушінің кінәсі бойынша еңбек жарақаты немесе кәсіби ауру салдарынан мүгедек болған қызметкер қамтамасыз етілетін, оның ішінде функционалдық бұзушылықтарына қарай мүгедектің қажеттіліктеріне бейімделген автокөлік құралы;

**Арнайы қатынас (жүріп-тұру) құралдары:**

- 1) бөлмелік кресло-арба;
- 2) серуендейтін кресло-арба.

## II бөлім. Жалпы ережелер

1. Бұдан әрі тараптар деп аталатын «Вагонсервис» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) атынан Қоғамның Бас директоры (бұдан әрі – жұмыс беруші) және Қоғам қызметкерлерінің өкілі – «Қазақстандық салалық темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподак) атынан Кәсіподак төрағасы осы ұжымдық шартты төмендегілер жөнінде жасасты.

2. Қоғам мен оның еңбек ұжымы арасындағы Ұжымдық шарт (бұдан әрі – шарт) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі), Қазақстан Республикасының «Кәсіподактар туралы» Заңының, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, сондай-ақ 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі салалық келісімнің негізінде жасалды.

3. Шарт әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады және ол тараптардың тең құқығы мен мүддесін сыйлау қағидасы негізінде жасалды, Қоғамның жұмыс тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Шарт 2021-2023 жылдарға жасалды, 2021 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді және Ұжымдық шарттың жаңасы жасалғанға дейін қолданылады.

5. Шарттың күші:

-аттарынан шарт жасалған жұмыс берушіге және Қоғам қызметкерлеріне және олардың қатарына жазбаша өтініштері негізінде қосылған қызметкерлерге,

-шарттың 13-тармағының 1), 7) тармақшаларында, 14-тармағының 2), 3), 4), 5), 9) тармақшаларында көзделген жеңілдіктер мен кепілдіктерге қатысты Қоғамның жасына байланысты салалық жәрдемақы алатын бұрынғы қызметкерлеріне (бұдан әрі – жәрдемақы алушылар),

- босатылған, сайланбалы және штаттағы кәсіподак қызметкерлеріне қатысты. Қатарға қосылу тәртібі шарттың 1-қосымшасында қарастырылған. Шартта Қоғам филиалдарында есепте тұрған зейнеткерлер, сондай-ақ «Күрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған зейнеткерлер үшін жеке әлеуметтік пакет қарастырылады.

6. Осы шарттың III (9-тармағы 13) тармақшасының ж) абзацынан басқа), IV (10-тармағының 7) тармақшасынан, 13) тармақшасының е) абзацынан басқа), V (11-тармағының 15), 17), 18) тармақшаларынан басқа), VI (12-тармағының 9)-21) тармақшаларынан басқа), VII (13-тармағы 3) тармақшасының б) абзацынан, 20)-32) тармақшаларынан басқа) бөлімдері Қоғамның орталық аппараты мен өкілдіктері қызметкерлеріне қатысты емес.

7. Тараптар шарттың ережелерін басшылыққа алуға және орындауға міндettі болып табылады. Тараптардың ешқайсысы да шарттың кез келген тармағын бір жақты тәртіpte өзгертуге немесе күшін уақытша тоқтатуға құқығы жоқ.

Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың ортақ келісімі бойынша енгізіледі. Тараптардың біреуінің келіссөз жүргізу туралы талап қоюы екінші тарапқа міндettі болып табылады. Шартқа енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістерді жұмыс беруші мен Кәсіподак өкілдерінің арасынан құрылған комиссия қарайды және ол қосымша келісім арқылы ресімделіп, оған тараптар қол қояды, сондай-ақ ол шартпен бірдей зандық күшке ие және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Шарт ережелеріне түсіндірме тараптардың өзара келісімі бойынша беріледі.

8. Қоғам қайта құрылатын кезде шарт өз күшін сақтайды.

### **III бөлім. Еңбекті ұйымдастыру және нормалау, жалақы, қосымша ақылар мен үстемсақылар**

9. Жұмыс беруші мынаған міндettенеді:

1) бірінші разрядты қызметкердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшерін Қазақстан Республикасының тиісті қаржылық жылға арналған респубикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен болмайтын мөлшерде белгілеуге,

жұмысшының айлық тарифтік мөлшерлемесін Қоғам филиалдарының жұмысшыларына еңбекақы төлеуге арналған тарифтік торға сәйкес қызметкерге берілген біліктілік разрядының тарифтік (разрядаралық) коэффициентіне тиісті тарифтік тордағы 1-разрядты жұмысшының айлық тарифтік мөлшерлемесін көбейту арқылы анықтауға,

негізгі еңбекақының үлесі, біржолғы ынталандыру төлемакыларын есептемегендеге, қызметкер жалақысының 75 пайзызынан кем болмайтын мөлшерде болуын қамтамасыз етуге,

Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге берілетін ең аз кепілдіктер ретінде еңбекақы төлеуге арналған тарифтік тордың негізінде белгіленген тарифтік ставкалар мен жалақыларды қолдануға,

2) тиісті мамандығы және еңбек өтілі жоқ қызметкерге тиісті кәсіпті игеру кезінде ол жұмысқа қабылданып отырған кәсіпке, егер бұл кәсіпке орналасу үшін арнайы оқу талап етілмесе, ең төменгі разряд белгілеуге,

3) еңбек шарттарына қарай өндіріс объектілерін аттестациялау нәтижесі бойынша ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайы зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысадын қызметкерлердің тарифтік мөлшерлемелеріне (лауазымдық жалақыларына) осы шарттың 2-қосымшасына сәйкес қосымща ақы тағайындауға,

4) қайта құрылудың немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбекті үйімдастыру жағдайларының өзгеруіне және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты өзгерістер болған жағдайда еңбек нормаларындағы өзгерістерге қатысы бар қызметкерлерге ол туралы өзгерістер енгізілгенге дейін, кем дегендеге, бір ай бұрын хабарлауға,

5) жұмыс берушінің актілерін қызметкерлердің өкілдерімен келісе отырып немесе олардың пікірін ескере отырып осы шарттың 3-қосымшасына сәйкес қабылдауға,

6) тарифтік мөлшерлемелердің (лауазымдық жалақылардың) көлемін ұлғайту/азайту туралы шешімді Еңбек кодексінің талаптарын сақтай отырып және Қоғамның қаржылық-экономикалық мүмкіндігіне қарай қабылдауға,

7) Қоғам қызметкерлеріне еңбекақының есепті айдан кейінгі айдың 10-ына дейін төленуін қамтамасыз етуге міндет алады.

Еңбек шарты тоқтаған кезде қызметкерге тиесілі барлық сомаларды еңбек шарты тоқтағаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге,

8) міндетті зейнетакы жарналарының дер кезінде аударылуын қамтамасыз етуге,

9) еңбек ақыны осы шарттың 4-қосымшасына сәйкес экологиялық апатты аймақтарда (Арал маңында) тұрғаны үшін тиісті коэффициентті қолдана отырып тағайындауға міндет алады.

Ядролық сынақ әсеріне үшыраған аумақтарда (Семей ядролық сынақ полигоны) тұрғаны үшін қызметкерлерге осы шарттың 4-қосымшасына сәйкес қосымша ақы төлеуге міндеп алады;

10) аса күрделі метеорологиялық жағдайлар (аяз, бұрқасын, қар басу, атап ыстық) кезінде үнемі ашық ауада жұмыс істейтін жұмысшылар – уақытша істейтін жұмысшылар, электрмеханиктері, аға электрмеханиктері, жол шеберлері, аға жол шеберлерінің тарифтік мөлшерлемесін (жалақыларын) 15 пайызға көтеруге, ал кесімді еңбекақы алатын жұмысшыларға белгіленген жұмыс нормасын 15 пайызға төмендетуге және:

ауа температурасы (Цельсий бойынша) минус 25 градус және одан төмен болған кезде,

ауа температурасы (Цельсий бойынша) 10 градустан төмен болып, бұрқасын болған және қар жауған кезде,

ауа температурасы (Цельсий бойынша) плюс 35 градустан жоғары болған кезде белгіленген регламентке сәйкес арнайы үзілістер беруге міндептеннеді.

Жоғарыда аталған еңбекақы төлеу және нормалau шарттарын тиісті актілермен ресімделген метеорологиялық мәлімет деректерінің негізінде жұмыс ашық ауада нақты істелген құндерге қолдануға міндеп алады;

11) қызметкерлерге артық істелген жұмыс уақытын (сағат) қундізгі (сағат) тарифтік мөлшерлемеге байланысты, сондай-ақ барлық жұмыс уақытын қосқан кезде бір жарым мөлшерден кем болмайтын мөлшерде төлеуге міндеп алады.

Тараптардың келісімі бойынша артық сағаттар үшін қызметкерге мерзімінен тыс істелген жұмыстың бір сағаты үшін, кемінде, бір сағат есебімен демалыс беруге рұқсат етіледі.

Тұнгі жұмыс уақыты мереке немесе демалыс құндеріне сәйкес келген жағдайда еңбекке ақы тұнгі сағаттар үшін және мереке немесе демалыс құндерінің сағаттары үшін бөлек төленеді.

Артық тыс сағаттарды есептеу үшін жұмыс уақыты нормасын жұмыста болмаған (уақытша жұмысқа қабілетсіздігі, еңбек демалысы, еңбекақысы сакталмайтын демалыс) сағаттармен салыстырып түзетуге міндептеннеді;

12) жұмыс берушіге және қызметкерге қатысы жоқ себептер бойынша жұмыссыз тұрып қалған уақытқа еңбекақының ең төменгі мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде, ал жұмыс берушінің кінәсі бойынша қызметкердің орташа жалақысының елу пайызынан кем болмайтын мөлшерде тиісті ақы төлеуге міндеп алады.

Қызметкердің кінәсінен жұмыссыз тұрып қалған уақыт төленбейді.

Жұмыстың тұрып қалу жағдайын қызметкерлердің өкілімен келісе отырып, жұмыстың уақытша токтауына алып келген нақты жағдайлар ( себебі), кезеңі, жұмыстың тұрып қалғаны жарияланатын қызметкерлердің санаты, төлемдер мөлшері және т.б. көрсетілген бұйрықпен ресімдеуге міндеп алады.

Қызметкерлерді жұмыстың тұрып қалғаны туралы он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге міндепті.

Қызметкердің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде (мұндай жағдайды Қоғамның арнайы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі қызметтері, ал даулы жағдайларда – Мемлекеттік еңбек инспекциясы растаған жағдайда) оған бұзушылықтарды жою үшін қажет болған барлық кезеңге орташа еңбекақы төлеуге. Үйдегі кезекшілік, арнайы жабдықталған жайдағы (бөлмедегі) кезекшілік үшін жұмыс берушінің актілеріне сәйкес төлем жасауға,

13) еңбек шартымен белгіленген өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа немесе сондай лауазым/кәсіп бойынша қосымша жұмысты немесе уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін өзінің негізгі жұмысынан босатылмай орындастырын қызметкерлерге қосымша төлем жүргізуге міндет алады.

Қызметкерлерге тапсырылатын жұмыстар:

а) лауазымдарды қоса атқару – қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа бос лауазым бойынша қосымша жұмысты орындауы,

б) қызмет көрсету аймақтарының кеңеюі – қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар жұмыс күнінің (аудиосистемалық) белгіленген ұзактығы ішінде қосымша жұмысты орындауы,

в) уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындау (қоса атқару) - қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа да, сондай да лауазым бойынша қосымша жұмысты орындауы,

г) кәсіптерді қоса атқару – қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа кәсіп бойынша қосымша жұмысты орындауы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Уақытша жоқ қызметкердің жұмысын орындау лауазымдық міндеттеріне кірген жағдайда, жұмыста жоқ қызметкердің орнын аудиостыратын қызметкерлерге уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағаны (қоса атқарғаны) үшін қосымша төлем жүргізілмейді.

Лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағының кеңеюі, уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағаны (қоса атқарғаны), кәсіптерді қоса атқарғаны үшін қосымша төлемдер қызметкердің келісімі арқылы орындалатын жұмыстың көлеміне қарай негізгі жұмысының тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) 30%-нан артық болмайтын мөлшерде белгіленеді.

Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес:

д) Қоғамның «Кәсібі бойынша үздік» белгісімен марапатталған қызметкерлеріне төленетін үстемеақыны – «Марапаттау туралы» бүйрек шыққан күннен бастап 12 ай ішінде,

е) бригадага басшылық еткені үшін (негізгі жұмыстан босатылмаған жұмысшылар қатарындағы бригадирлерге) ай сайын үстемеақы,

ж) «Күрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған қызметкерлердің жалақысына тарифтік мөлшерлемесінен (лауазымдық жалақысынан) 10% мөлшерінде ай сайын ұстемеақы төлеуге міндет алады.

Егер тарифтік мөлшерлеме (лауазымдық ақы) «Күрметті теміржолшы» белгісінің бары есепке алынбай тағайындалса, онда (лауазымдық ақысы «Күрметті теміржолшы» белгісі ескеріліп белгіленген қызметкерлердің лауазымдық ақысы қайта қаралып, «Күрметті теміржолшы» белгісі ескеріліп ағымдағы айлықақы шегінде есептелген тиісті ұстемеақы тағайындалатын болады);

14) Қоғам қызметкерлерінің барлық санаттарына күнтізбелік кезеңге мынадай сыйлықақы түрлері қарастырылсын:

- тоқсандығы/жарты жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша;
- жылдық (еңбекақы төлеуге бөлінген қаржының үнемделуі есебінен);
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, сондай-ақ кәсіби мереке – «Көлік қызметкерлері күні» қарсаңында 10 (он) ЕАЕМ-нен (Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген еңбекақының ең төменгі мөлшерінен) аспайтын мөлшерде төленетін біржолғы сыйлықақы. Біржолғы сыйлықақы қызметкерлердің «Сыйлықақы төлеу туралы» бұйрық шыққан күні:

а) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген жасқа дейінгі бала күтімі бойынша еңбекақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген;

б) еңбек шартындағы таралтардың келісімі бойынша қызметкердің өтініші негізінде еңбекақысы сақталмайтын, 30 күнтізбелік күннен асатын ұзак демалыста жүрген санаттарынан басқа, Қоғам филиалдарының штатында тұрған қызметкерлерге төленеді.

Бұл ретте сыйлықақылардың жоғарыда аталған түрлері Қоғамның қаржылық және экономикалық мүмкіндіктеріне қарай төленеді;

15) сыйақыны есептеу үшін кезекті еңбек демалысында болған уақыты (жұмыс күндері), қызметтік іссапарда (оның ішінде біліктілікті арттыру курстарында), оқу демалысында болған кезеңі нақты жұмыс істеген уақытына қосылады;

16) тегін жол журу билетінің алғынып тасталуына және жеңілдікпен отын берілмеуіне байланысты мынадай жұмыста істейтін және мына жерлерде тұратын қызметкерлерге:

5-класты станцияларда, разъездер мен басып озу пункттерінде – 2 АЕК (Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде,

4-класты станцияларда – 1,5 АЕК мөлшерінде,

3-класты станцияларда – 1 АЕК мөлшерінде ай сайынғы ұстемеақы тағайындауға міндеттенеді.

Егер қызметкер жоғарыда аталған станциялардың бірінде тұрып, ал басқасында жұмыс істесе, онда ұстемеақының мөлшері оның тұрғылықты жері бойынша тағайындалады;

Кызметкердің станцияда, разъезде, басып озу пунктінде тұруына мүмкіндік болмаған жағдайда, үстемеақы мөлшерін жұмыс орны бойынша тағайындауға,

17) станцияларда, разъездерде және озу пункттерінде тұратын қызметкерлер мен зейнеткерлерге отынды (тұрмыстық көмірді), олардың жұмыс берушінің отынды (тұрмыстық көмірді) сатып алуға және жеткізуге жұмсаған шығыстарын кейін өтейтінін ескере отырып сатып алып, жеткізуге,

18) өздері қызмет көрсететін участеклер шегінде жол жүру барысында орын ауыстырып отыратын немесе еңбек шарттында белгіленген жүріп-тұру сипаты бар жұмыстарды (осы шарттың 5-қосымшасы) тұрақты турде атқаратын қызметкерлерге үстемеақы төлеуге,

19) негізгі жұмысынан босатылмаған, бірақ келісімі бойынша Қоғамның филиалдары басшыларының бұйрығымен өзге қызметкерлерді оқытуға тартылған (ай сайын) білікті қызметкерге қабылданған немесе ауысып келген бір қызметкерді оқытқаны (оқыту жұмыстары) үшін тарифтік мөлшерлеменің (жалақының) 20 пайызы мөлшерінде ақы төлеуге міндет алады.

Негізгі жұмысынан босатылмаған, бірақ келісімі бойынша Қоғамның филиалдары басшыларының бұйрығымен өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан студенттерге тәлімгер ретінде тартылған білікті қызметкерлерге, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес тәлімгерлік еткен әр айы үшін тарифтік мөлшерлеменің (жалақының) 10 пайызы мөлшерінде ақы төлеуге,

20) жұмыс берушінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайлардан басқа уақытта және ауысым графигі бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерден басқа қызметкерлерді қызметкердің жазбаша келісімімен немесе оның өтініші бойынша демалыс және мереке күндері орындалатын жұмысқа тартуға міндетті.

Демалыс және мереке күндерінде атқарылған жұмыс үшін қызметкердің күндізгі (сағат) мөлшерлемесімен алғанда, оның екі еселенген мөлшерінен кем болмайтын ақы төлеуге немесе қызметкердің қалауы бойынша бір еселенген мөлшерде төлем жасап, басқа бір күні демалыс беруге міндетті.

#### **IV бөлім. Жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбек және басқа да демалыстар**

##### **10. Жұмыс беруші мынаған міндеттенеді:**

1) жұмыс уақытының ұзактығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етуге,

2) күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) уақытында қызметкерге демалу және тамак ішу үшін, кем дегендे, жарты сағаттық бір үзіліс беруге,

3) 1 және 2-топ мүгедектеріне еңбекақыны толық төлей отырып, 6 күндік жұмыс аптасында – 36 сағат, 5 күндік кезінде – 35 сағаттық қысқартылған жұмыс күнін тағайындауға,

1 және 2-топ мүгедектеріне жыл сайын ұзактығы он бес күнтізбелік күннен кем болмайтын ақысы төленетін қосымша демалыс тағайындауға,

4) өндіріс жағдайлары бойынша белгіленген жұмыс уақытының күнделікті немесе апта сайынғы ұзактығы сақталмайтын үздіксіз жұмыстармен айналысатын қызметкерлер үшін қызметкердің (қызметкерлер өкілінің) келісімі бойынша есепті кезеңі бір ай, пойыз электр механиктері, дизель-генераторлық қондырғы механиктері үшін – тоқсан, жұмысқа жарамсыз вагондарға ілесіп жүретін жолсеріктер үшін – жыл болатын жұмыс уақытының жиынтық есебін енгізуге міндетті. Есепті кезендегі жұмыс сағаттарының нормасы алты күндік жұмыс аптасы қезіндегі жұмыс уақытының тенгеріміне сүйене отырып айқындалады.

Жұмыс уақыты мен демалыс уақытын барлық есепті кезеңге бекітілген ауысым кестесі негізінде реттеуге міндеттенеді, бұл ретте қабылданған есепті кезендегі демалыс күндерінің саны осы есепті кезендегі демалыс күндерінің санына тең болуы тиіс;

5) ауысыммен істейтін жұмыспен айналысатын қызметкерлерге мұсылман күнтізбесі бойынша «Құрбан айттың» бірінші күні, 7 қаңтар – «православное Рождество» күні жұмыс істегені үшін жалақыны осы шарттың 9-тармағының 20) тармақшасына сәйкес төлеуге немесе қызметкердің қалауы бойынша бір еселенген мөлшерде төлем жасап, басқа бір күні демалыс беруге,

6) толық емес жұмыс күні режимі енгізілген кезде, демалысқа төлем жасайтын (пайдаланылмаған демалысқа өтемақы төлеу үшін) орташа күндік (орташа сағаттық) еңбекақыны нақты жұмыс істелген уақыт есебінен есептеуге,

7) қызметкерлерге осы шарттың 6-қосымшасына сәйкес жұмыс орны (лауазымы) сақталып, ақы төленетін негізгі жыл сайынғы еңбек демалыстарын беруге міндеттенеді.

Демалыстарды беру кезектілігін өндірістік процесті ескере отырып, бекітілген график бойынша белгілеуге міндеттенеді.

Демалыстар кестесін жасау кезінде жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысын мектепке дейінгі және мектеп жасындағы, бастауыш сыныпта оқитын балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған қызметкерлердің өздеріне қолайлы уақытта пайдалану құқығына басымдық беруге міндеттенеді.

Қызметкерді жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан (оның келісімімен) шақырып алған жағдайда, еңбек демалысының, оның ішінде еңбек демалысының пайдаланылмаған күндерін ағымдағы жылдың басқа уақытында беруге немесе алдағы жұмыс жылдының еңбек демалысына қосуға не болмаса өтемақы төлеуге.

Он сегіз жасқа толмаған қызметкерді, жүктілігі туралы анықтамасын әкелген жүкті әйелді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерді жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан шақырып алуға жол берілмейді.

Жыл сайынғы еңбек демалысына ол басталмай тұрып үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал еңбек демалысы демалыс графикінен тыс берілген жағдайда, ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей төлем жүргізуге,

8) қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде, демалысқа жылына бір рет бір айлық тарифтік мөлшерлемеден (лауазымдық жалақыдан) артық болмайтын мөлшерде үстемеақы төленеді.

Бұл ретте, басталуы келесі жылдың қантарына тұра келетін еңбек демалысы кезеңіне сақталатын орташа жалақыны (демалыс ақысын) есептеу ағымдағы жылдың желтоқсанында жүргізілуге тиіс болған жағдайда, көрсетілген демалысқа үстемеақыны жылына екі рет төлеуге жол беріледі.

Жаңадан қабылданған қызметкерге, ұзақтығы 6 ай және одан көп болатын ақысыз (жалақысы сақталмайтын) демалыстан шыққан, баласы үш жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты ақысыз (жалақысы сақталмайтын) демалыстан шыққан қызметкерге демалысқа берілетін үстемеақы жұмысқа қабылданған күннен/демалыстан жұмысқа шыққан күннен бастап 6 ай өткен соң ғана төленеді. Қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы бөліп берілген жағдайда, демалысқа берілетін үстемеақы толық көлемде, демалатын күндерге есептелген сомамен бірге төленеді;

9) ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге осы шарттың 7-қосымшасына сәйкес ұзақтығы алты күнтізбелік күннен кем болмайтын жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысын беруге міндетті.

Қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ететіні өндіріс объектілерін еңбек жағдайларына қатысты аттестаттау нәтижелерімен расталған қызметкерлерге беріледі.

Жұмыс беруші өндіріс объектілерін еңбек жағдайларына, сондай-ақ аттестациядан өткізілмейтін жұмыс орындарына қатысты аттестациядан өткізбеген жағдайда, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген жұмыс уақыты ұзақтығының қысқартылуына, қосымша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге және еңбек ақысының жоғары төленуіне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі мен ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес толық көлемде беріледі;

10) қызметкер жұмыс берушінің актілеріне сәйкес берілген грант шенберінде күндізгі оқу нысанындағы магистратура, аспирантура және докторантура (PhD) бағдарламалары бойынша окуға жіберілген жағдайда, қызметкерге ақысыз (еңбек ақысы сақталмайтын) демалыс, сондай-ақ жұмыс берушінің ішкі нормативтік күжаттарында көзделген басқа да кепілдіктер беруге,

11) қызметкердің жазбаша өтініші негізінде Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес еңбекақысы сақталмайтын демалыс беруге,

12) зейнетакы есептеуге арналған табыс Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті қаржы жылына белгіленген жасына байланысты зейнетакы төлемдерін есептеуге арналған табыс көрсеткіштерінен аспайтын жағдайда,

зейнеткерлік жасқа жетуіне 3 жыл және одан аз уақыт қалған қызметкерлердің толық жұмыс күні режимін (толық жұмыс аптасын) сақтап қалуға,

13) мына қызметкерлерге қосымша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге:

а) экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істейтін және тұратын қызметкерлерге (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңілдіктер мен өтемақылар алу құқығын растайтын құжаттар болған жағдайда, радиациялық қауіпті аймақтар үшін) осы шарттың 4-қосымшасына сәйкес,

б) теміржол көлігі ұйымдарында үш жылдан астам еңбек өтілі бар қызметкерлерге әр жылға 2 күннен беруге, бірақ ол 6 (алты) күнтізбелік күннен аспауы тиіс;

в) қызметкердің ата-анасының, жұбайының/зайыбының, балаларының, аға-інілерінің, апа-сінлілерінің, ата-әжелерінің, немерелерінің қайтыс болуына байланысты – 3 жұмыс күні;

г) неке қиоға байланысты – 3 жұмыс күні;

д) бала туылуына, бала асырап алуына байланысты – 3 жұмыс күні (демалыс бала туылған, баланы асырап алған күннен бастап бір ай ішінде беріледі).

е) растайтын құжаттары болған кезде:

орта және жоғары кәсіби білім беретін ұйымдарда оқитындарға өндірістен қол үзбей, сессия уақытында, диплом жобаларын дайындау және қорғау, оқу бітіру емтихандарын тапсыру кезеңінде.

Төлемді білім беретін ұйымның оқу жоспары орындалып, тиісті құжатпен расталған жағдайда заңнамага сәйкес есептелген орташа жалақы есебінен жасауға, бірақ оқу демалысының барлық кезеңі үшін 20 еселенген АЕК-тен аспауы тиіс.

ж) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға 3 (үш) жұмыс күніне дейін;

з) скринингтік зерттеулерден өтетін қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау саласындағы заңнамасында айқындалған тәртіппен және көлемде жұмыс орны (лауазымы) және орташа жалақысы сақталатын, бір жыл ішінде 3 (үш) жұмыс күні аспайтын демалыс;

и) жүктілігіне байланысты он екі аптаға дейін медициналық есепке тұратын қызметкерлерге, кемінде, 3 (үш) жұмыс күні;

к) мүгедек балалары бар қызметкерлерге кезекті медициналық-әлеуметтік сараптамадан өту үшін уәкілетті органда қайта куәландырудан өткен кезде екі күннен аспайтын демалыс беріледі. Егер баланың ата-анасының екеуі де Қоғамның қызметкерлері болса, онда қосымша демалыс олардың біреуіне ғана беріледі.

Қосымша демалыс жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысына енгізілмейді, оны есептеу және төлеу жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысы төлемін есептейтіндей тәртіппен есептеледі;

14) дистанциядан (кашықтан) жұмыс істеу кезінде қызметкермен қосымша келісім жасасуға міндетті.

Кызметкерлердің қашықтан жұмыс істеуін ұйымдастыру және жузеге асыру тәртібі жұмыс берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген және Кесілдікпен келісілген жергілікті актілерінде көзделген.

Қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлер үшін тұрақты жұмыс уақыты белгіленеді, оны бақылау ерекшеліктері еңбек шартында айқындалады.

Қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, сондай-ақ еңбек міндеттерінің қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тәртібі жұмыс берушінің актісінде айқындалады;

15) жазбаша өтініштері бойынша жүкті әйелге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-ананың біреуіне (бала асырап алушыға), сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесін бағып күтетін қызметкерге толық емес жұмыс уақыты режимін белгілеуге,

#### **V бөлім. Жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, босатылатын қызметкерлердің кәсіби даярлау және қайта даярлау**

11. Жұмыс беруші мынаған міндеттенеді:

1) қызметкерді жұмысқа колданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес қабылдап, оны міндетті түрде еңбек жағдайларымен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және шартпен таныстыруға міндетті.

Кызметкерлерді жұмысқа қабылдаған кезде олармен еңбек шарттарының кәсібіне, біліктілігіне сәйкес жасалуын және еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда, еңбек шартына толықтырулардың енгізілуін қамтамасыз етуге;

2) жұмысқа қабылдаған кезде қызметкерлермен еңбек шарттарын Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жасауға;

3) қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасу кезінде:

а) еңбек жағдайларының сипатын, жұмыс орнындағы зиянды және қауіпті факторлардың тізбесін,

б) белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен, жуу құралдарымен қамтамасыз ету нормаларын,

в) демалыс беру немесе пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлеу тәртібін,

г) Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жекелеген жұмысшылар мамандықтары, мамандар мен қызметшілердің лауазымдарына арналған мына жұмыс режимдерінің қолданылуын: үйде немесе объектідегі арнайы жабдықталған белгіленген сағат нормасы шегінде кезекшілік етуін, икемді жұмыс графигін, толық емес жұмыс күнін қарастыруға;

4) қызметкерлер санын немесе штатын қысқартқан кезде, мына қызметкерлердің жұмыста қалу құқығына басымдық беруге:

а) жалғыз асыраушы болып табылатын қызметкерлер;

б) төрт және одан көп баласы бар көп балалы отбасылардың ата-аналары;

в) темір жол көлігінде көп уақыт жұмыс істеген қызметкерлер:

ерлер— кем дегенде 25 жыл, әйелдер— кем дегенде 20 жыл;

г) «Кұрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандар;

д) жылына кем дегенде бес рационализаторлық ұсыныс енгізген жағдайда, көп жыл бойы белсенді рационализаторлық қызметпен айналысып жүрген рационализаторлар.

Кәсіпорынның қызметі тоқтатылған жағдайдан басқа кезде, штат немесе қызметкерлер саны қысқартылған жағдайда бір отбасынан екі қызметкердің (ері, әйелі) жұмыстан босатылуына жол бермеуге;

5) Қоғамның құрылымдық бөлімшесі таратылған, штат немесе қызметкерлер саны қысқартылған кезде:

а) алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыс берушінің таратылуына, қызметкерлер немесе штат санының қысқартылуына, өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен қызметтер көлемінің жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соқтыратындей төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылатыны туралы, осыған қатысы болуы мүмкін деген қызметкерлердің саны мен санаттары туралы, жұмыстан босатылатын қызметкерлердің лауазымдары, кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі мен еңбек ақысы мөлшері мен қызметкерлердің жұмыстан қандай уақыт ішінде босатылатынын көрсетілген толық ақпаратты халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыстан босату рәсімдері басталғанға дейін, кем дегенде, бір ай бұрын беруге;

б) қызметкерге жұмыс іздеуі үшін аптасына бір күн немесе әр жұмыс күні ішінде екі сағат уақыт беруге;

в) Еңбек кодексіне сәйкес жұмысынан айырылуына байланысты өтемақы төлемдерін және орташа екі айлық еңбекақы мөлшерінде қосымша өтемақы төлеуге. Бұл ретте, орташа екі айлық еңбекақы мөлшеріндегі (жұмыс іздеу кезеңінде сақталатын) қосымша өтемақыны теміржол көлігіндегі еңбек өтілі, кем дегенде, бес жыл болатын адамдарға еңбек шарты бұзылғаннан кейін, әр ай аяқталған сайын (бірінші және екінші айларда) төлеуге, ал орташа бір айлық мөлшеріндегі өтемақыны халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген (есепке тұрғаны) туралы анықтаманы көрсеткен жағдайда төлеуге.

Станцияларда, разъездерде халықты жұмыспен қамту орталықтары болмаған жағдайда құрылымдық бөлімше басшысына Қоғам басшылығына елді мекенде бос жұмыс орнының болмауына байланысты қосымша өтемақылар төлеу туралы өтініш жасау құқығын беруге;

6) еңбек шарттары Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4), 8) – 16) және 18) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзылғатын қызметкерлерден басқа, темір жол көлігі үйимдарында, кем дегенде, 20 жыл жұмыс істеген, жасының келуіне байланысты зейнеткерлік демалысқа шығу құқығына ие болуына үш жыл қалған қызметкерлердің Қоғамның филиалдарында жұмыс істейтініне кепілдік беруге.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнеткерлікпен қамтамасыз ету туралы» заңымен белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін жетуге үш жылдан кем қалған қызметкерлермен еңбек шартын

Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2)-4) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша қажеттілігіне қарай құрылған комиссияның оң шешімі болмайынша, бұзуға жол берілмейді.

Комиссия жұмыс берушінің және қызметкерлер өкілдерінің тең санынан тұрады, жұмыс берушінің актісімен құрылады, шешім комиссия отырысы хаттамасымен ресімделеді;

7) жұмыс көлемі төмендеген, ұйым қайта құрылған, қайта құрылымданған, трансформациялаған жағдайда, қызметкерлердің санын бірінші кезекте:

кадрлардың жұмыстан өз еркімен кетуі және жұмысқа қабылдануын уақытша шектеу,

кадрларды өз каражаты есебінен қайта оқыту, қайта даярлау жөніндегі іс-шараларды жүргізу,

кадрларды бөлімшелердің ішінде босаған жұмыс орындарына ауыстыру, қызметкерлерді уақытша және маусымдық жұмысқа пайдалану,

жұмыстан босату шарасына балама уақытша шара ретінде толық емес жұмыс уақыты режимін қолдану,

ұйымның құрылымдық бөлімшелері ішінде ауыстыру, жаңа жұмыс орына қөшіріп, баспаңа беру немесе оны жеңілдікпен сатып алуға жағдай жасау, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жол ақысын төлеу және тараптардың келісімі бойынша басқа да жеңілдіктер беруге;

қызметкердің келісімі бойынша басқа да еңбекақысы төмен тұрақты жұмысқа ауыстырып, ауысқан сәтінен бастап үш ай ішінде бұрынғы жұмыс орындағы орташа еңбекақысын сақтау есебінен реттеуге;

8) қызметкерлердің штаты ұлғайтылған жағдайда, соңғы алты ай ішінде штаттың қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге бар бос орындар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлауға (егер қызметкер жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 күн ішінде жұмыс берушіге хабарласпаса, ол басымдықпен жұмысқа орналасу құқығынан айырылады);

9) босатылатын қызметкерлердің тиісті қайта даярлықтан өтетін бос жұмыс орындарына басымдықпен орналастырылуын қамтамасыз етуге. Қызметкерлердің қайта мамандануын (басқа кәсіптерге оқыту) жұмыс берушінің каражаты есебінен жүзеге асырып, оқып жүрген кезінде оларға орташа жалақысының 75 пайзын төлеуге;

10) жұмыс берушінің бастама етуімен негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподак органдарының мүшелерімен еңбек шартын Қоғам таратылған жағдайлардан басқа кездерде, еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібімен, бұл адамдар мүшесі болып табылатын кәсіподак органының дәлелді пікірін ескере отырып бұзуға.

Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподак органының басшысымен (тәрағасымен) Қоғам таратылған жағдайлардан басқа жағдайларда Жоғарғы Кәсіподак органының дәлелді пікірінсіз еңбек шартын бұзбауға.

Кәсіподақ органының дәлелді пікірін ұсыну тәртібі осы шарттың 8-қосымшасында қарастырылған;

11) тиісті кәсіподақ органдарына Қоғамның құрылымдық бөлімшелерін тарату ниеті бары жөнінде, кем дегенде бір ай бұрын хабарлауға, бұл ретте, Кәсіподақ өкілдерін тиісті комиссиялар мен жұмыс топтарының құрамына енгізу;

12) жедел әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылатын қызметкерлердің жергілікті әскери басқару органдарына шақырылғаны туралы шақыру қағазы болып, медициналық комиссиядан өткен кезде олардың жұмыс орнын (лауазымын), жұмыс орнындағы жалақысын сақтауға, ал жедел әскери қызметін өтеу немесе әскери жиындарға қатысу кезінде ақысыз (жалақысы сақталмайтын) демалыстар беруге міндettі.

Жедел әскери қызметін өтеу немесе әскери жиындарға қатысу кезінде жұмыс орны (лауазымы) сақталған қызметкер әскери қызметтен босатылуына немесе әскери жиындардың аяқталуына байланысты әскери бөлімшениң тізімінен шығарылған күннен бастап бір айдан кешікпей өзінің еңбек міндettterіне кірісуге міндettі;

13) қызметкер біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан атқарып отырған лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне байланысты қызметкер мен еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасымен бұзылған жағдайда құрамында қызметкердің өкілі болатын аттестация комиссиясының шешімін негізге алуға. Қызметкерлерді аттестациядан өткізу тәртібі, шарттары мен мерзімділігі жұмыс берушінің жеке актісінде айқындалады;

14) Кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкердің еңбек тәртібін бұзу мәселесін (лауазымдық міндettterін орындауы/тиісті түрде орындауы) талқылау кезінде комиссия құрамына кәсіподақ органының өкілдерін енгізу;

15) жеке еңбек дауларын қарау үшін тәпе-тендік негізде, жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдерінің саны тең болатын келістіру комиссияларын құруға.

Келістіру комиссиясы мүшелерінің сандық құрамы, оның жұмыс тәртібі, келістіру комиссиясы шешімдерінің мазмұны мен оны қабылдау тәртібі, келістіру комиссиясының өкілдік ету мерзімі келістіру комиссиясы туралы ережеде белгіленеді (осы шарттың 9-қосымшасы);

16) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлермен жасалған еңбек шартының ұзартылуына жол бермеуге;

17) медициналық қорытынды негізінде қызметкердің денсаулығы жұмысын жалғастыруына кедергі келтіруіне және жұмысын жалғастыруына мүмкіндік бермеуіне байланысты қызметкер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген жағдайда, қызметкермен жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылғанда, қызметкерге орташа үш айлық жалақысы мөлшерінде өтемақы төлеуге міндettі;

18) қызметкерлердің немесе штат саны қысқарған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғыз басты аналармен, балалардың аталған санатын анасыз тәрбиелеп жатқан өзге де тұлғалармен еңбек шартының бұзылуына жол бермеуге міндеттеме алады.

## VII бөлім. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

12. Жұмыс беруші мынаған міндет алады:

1) еңбекті қорғау шарттарын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге:

а) жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсартуға жыл сайын мақсатты түрде, арнайы киім, арнайы аяқ киім, жеке қорғану құралдары (дәрі-дәрмек немесе алғашқы медициналық көмек қобдишалары, емдік-профилактикалық тамақ–сүт, шырындар, жуу құралдары) шығындарын есептемегенде, еңбек ақы төлеу қорынан, кем дегенде, 1 пайыз мөлшерінде каражат бөлуге;

б) Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен өндіріс объектілерін еңбек жағдайларына қатысты мерзімді аттестациядан өткізуғе;

в) аттестация комиссиясы ұсыныстарының негізінде еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті өндірістік факторларға жатқызылған кезде жұмыс орындарын қайта жараптандыру немесе жою жөнінде шаралар қабылдауға;

г) жұмыс орындарын еңбек жағдайларына қатысты аттестациядан өткізу нәтижелері бойынша ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысадын қызметкерлерге жұмыстың зияндылық деңгейіне сәйкес профилактикалық мақсатта уәкілетті органдардан берілген және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін персонал, зиянды химиялық заттармен жанасадын қызметкерлерге диеталық-профилактикалық тағам ретінде тағайындалғанын раставтың тиісті күжаттары бар сүт немесе оған теңестірілген басқа да өнімдер беруге (осы шарттың 10-қосымшасы). Химиялық заттар өндіретін немесе қолданатын жұмыстарда нақты жұмыс істеген күндері бір ауысымға, оның ұзақтығына қарамастан, 0,5 литрден сүт беруге. Сүтті оған тең тамақ өнімдерімен алмастырған жағдайда, олардың сүтті алмастыратын дозасын және өнімді мемлекеттік тіркеу туралы күәліктің қосымшасында көрсетілген тәсілмен пайдалану қажет. Қорғасынның органикалық емес қосылыстарымен жұмыс істейтін қызметкерлерге сүтке қосымша 0,25-0,30 литр мөлшерінде табиғи қою жеміс шырынын беруге. Осы шарттың 10-қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар жұмыс орындарын аттестациялау нәтижелері бойынша енгізіледі;

д) жұмыскерлердің саны өзгерген сайын, цехтардың, участеклердің және жұмыс орындарының технологиялық процестеріне тиісті түзетулер енгізуғе;

2) жұмыс орындарын:

- а) қауіпсіз еңбек жағдайларымен,
- б) қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлармен,
- в) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайына бақылау жасалуын қамтамасыз етуге;
- г) еңбек ұжымына еңбек қауіпсіздігі, жағдайлары және еңбекті қорғау күйі туралы дер кезінде хабарлануын қамтамасыз етуге.

Жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз жағдайлары қамтамасыз етілмеген жағдайда, қызметкерлерді міндеттерін орындауға тартпауға.

Үәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес әйелдер мен жасы 18-ге толмаған тұлғалардың ауыр жұмыстарға және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарға қабылдануына жол бермеуге;

3) қызметкерлердің белгіленген нормалар бойынша жуу, дезинфекциялау құралдарымен және басқа да жеке қорғану құралдарымен, сондай-ақ арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен мына мерзімдерге: жазғыларымен – 15 сәуірге дейін, қысқыларымен – 1 қазанға дейін қамтамасыз етілуін жүзеге асыруға.

Қызметкермен еңбек шарты зейнеткерлікке шығуына байланысты немесе Қоғамның зейнеткерлікке ерте шығару тәртібін көздейтін жергілікті актісіне сәйкес бұзылған жағдайда, қызметкерге берілген арнайы киім мен арнайы аяқ киімді оның келісімі бойынша қалдық құнын төлеңіп, өзінде қалдыруға.

Жеке қорғану құралдары уақытынан бұрын тозған жағдайда, оларды мерзімінен бұрын ауыстыруға.

Дене мен қол кірлейтін жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге сабын берудің бір айлық нормасын Қоғамның филиалы басшысының бұйрығымен бекітілген қызметкерлер кәсіптерінің тізіміне сәйкес, кемінде, 500 грамм мөлшерінде бекітуге.

Кәсіптерді қоса атқарғанда, негізгі жұмысын орындауға қатысы жоқ технологиялық, жөндеу-құрылым және басқа да қосалқы-қосымша жұмыстарға тартылған кезде, сол жұмыстарды орындауға көзделген нормаларға сәйкес қосымша жеке қорғану құралдарын беруге;

4) жұмысы пойыздар қозғалысымен және жолаушыларға қызмет көрсетумен байланысты, жұмыс уақытында жұмыс берушінің актілеріне сәйкес арнайы киімді кио міндетті болып табылатын қызметкерлерге белгіленген нормативтер бойынша нысанды киімді көзделген айыру белгілерімен және аксессуарларымен (фуражка, бөрік-құлақшын, дөңгелек жұмсақ және фетрден жасалған берет, жейде, көйлек, галстук, аяқ киім) ақысыз (тегін) беруге;

5) мына қызметкерлерді:

Қоғамның пойыздар қозғалысын қалпына келтіру үшін қармен күресу, құммен күресу, сумен күресу және басқа да табиғи апаттардың салдарын жою жөніндегі жұмыстарды атқаратын қызметкерлерін тамақпен қамтамасыз етуге.

Осы жұмыстарға тартылатын, 4 сағат бойы үздіксіз жұмыс істейтін әрбір қызметкерге тәулігіне Қазақстан Республикасында белгіленген 0,3 АЕК кем болмайтын мөлшерде тамаққа қараждат қарастыруға;

6) Қоғам филиалдарының жол аралықтарындағы жұмыстарды орындаітын қызметкерлерін ауыз сумен қамтамасыз етуге;

7) мына:

а) ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte мерзімді медициналық тексерістен өтуін,

б) өте қауіпті жұмыстармен, машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің ауысым алды медициналық куәландырудан өтуін, рейс алдында және рейстен кейін медициналық тексерістен өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қабылдағанға дейін ауысым алдындағы медициналық куәландырудан, рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерістен өту рәсімін талап ететін кәсіптердің тізімі осы шарттың 11-косымшасында көрсетілген;

8) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың сакталуына іштей бақылауды жүзеге асыру үшін негізгі жұмыс орнындағы орташа еңбекақысын сақтай отырып, айна 8 сағат беруге;

Айрықша көзге түскен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды құрылымдық бөлімше басшысының және кәсіподак комитетінің бірлескен ұсынысы бойынша ынталандыруға;

еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторды кадрларды кәсіби даярлайтын, қайта даярлайтын және олардың біліктілігін арттыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша, кемінде, үш жылда бір рет оқытылуын қамтамасыз етуге;

9) берілген арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын пайдаланбайтын адамдарды жұмысқа жібермеуге;

10) филиалдардың станцияларда және разъездерде тұратын, жұмысқа жаңадан келгендерден басқа қызметкерлеріне кезекті міндетті медициналық тексеруден өту кезінде іссапар шығыстарын (тәуліктік ақы, жол ақысы, тұру ақысы) төлеуге және орташа айлық еңбекақысын сақтауға;

11) уәкілетті органда қайта куәландырудан өткен кезде кезекті медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтетін күндері мүгедектің еңбекақысын сақтауға. Бұл ретте, төлемді екі күннен арсырмай жүргізуғе;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рухани зиян келтірілгені үшін төленетін өтемақы қамтылатын біржолғы жәрдем ақыны өндірісте болған, есепке алынуы тиіс жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде жұмыс істеу қабілетінен толық немесе ішінара айырылған қызметкерге немесе қызметкер қайтыс болған жағдайда немесе оны алуға құқығы бар тұлғаларға мына мөлшерде төлеуге, яғни:

қызметкер қайтыс болған жағдайда, қызметкердің он еселенген жылдық табысы мөлшерінде, бірақ ол 10 000 АЕК-тен аспауы тиіс;

1 немесе 2-топ мүгедегі болып танылған қызметкерге бес еселенген жылдық табысы мөлшерінде, бірақ ол 5 000 АЕК-тен аспауы тиіс;

3 топ мүгедегі болып танылған қызметкерге екі еселенген жылдық табысы мөлшерінде, бірақ ол 2 000 АЕК-тен аспауы тиіс;

жұмыс істеу қабілетінен айырылғаны анықталып, мүгедектік тағайындалмаған қызметкерге жылдық табысы мөлшерінде жәрдемақы төлеуге, бірақ ол 1000 АЕК-тен аспауы тиіс.

Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда, біржолғы жәрдемақының мөлшері қайта есептелмейді;

13) еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды, яғни денсаулығының зақымдануынан туындаған шығындарды, емделу, қосымша тамақтану, дәрі-дәрмек сатып алу, протездеу, басқа адамның қарауы, санаторий-курортта емделу, арнайы көлік құралдарын сатып алу, басқа кәсіпке дайындау және т.б. шығындарын, егер зардап шегуші осы көмек түрлеріне мұқтаж деп танылса және ол тегін көрсетілмесе, өтеуге.

Еңбек міндеттерін орындау кезінде келтірілген зиянды өтеттіріп алуға құқығы бар тұлғаға емделу, санаторий-курортта емделу шығындарын оны растайтын құжаттары бойынша нақты жұмсалған шығындарға сәйкес төлеуге. Санаторий-курортта емделу шығындарын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан санаторийлерге берілген жолдамалар бойынша, сондай-ақ зардап шегуші денсаулық жағдайына байланысты Қазақстан Республикасында көрсетілмейтін санаторийлық-курорт емін алуға мұқтаж болған жағдайда, Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан санаторийлерге берілген жолдамалар бойынша өтеуге.

Еңбек міндеттерін орындау кезінде денсаулығына келтірілген зиянды өтеттіріп алуға құқығы бар қызметкердің протездеу шығындарын төлеу үшін протез қоюға лицензиясы бар және протезді пайдалану мерзіміне кепілдік беретін ұйымдармен осы шарттың 12-қосымшасында белгіленген нысан бойынша келісім жасалады.

Күтім жасауды әлеуметтік қызметкер, сондай-ақ отбасы мүшесі жүзеге асыра алады. Күтім жасау шығындары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленген 1 жылға дейінгі еңбек өтілі бар азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) лауазымдық жалақыларын (мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициентке көбейтілген базалық лауазымдық жалақыға тең болатын, күтім жасайтын әлеуметтік қызметкердің бір айлық жалақысы мөлшерінде өтеледі.

Көмектің бірнеше түріне мұқтаж зардап шегуші адамға көмектің әр түрін алуға байланысты шығыстар өтеледі.

Шығыстар мөлшері қажет етіletін күтімнің сипатына байланысты анықталады және медициналық күтімге мұқтаж мүгедектер үшін мүгедектің тұрған жерінде күтім жасайтын әлеуметтік қызметкердің тарифтік мөлшерлемесінен (жалақысынан) кем болмайтындей, ал тұрмыстық күтімге мұқтаж адамдар үшін сол қызметкердің тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) 50 пайзызынан кем болмайтындей мөлшерде тағайындалады.

Мүгедекті оңалтудың дербес бағдарламасы, медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы негізінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде мертіккен немесе кәсіби ауруға шалдыққан мүгедектерге:

1) арнайы көлік құралын сатып алуға осы шарттың 13-қосымшасына сәйкес,

2) жүріп-тұруға арналған құрал сатып алуға осы шарттың 14-қосымшасына сәйкес ақшалай қаражат бөлуге;

Сондай-ақ арнайы көлік құралын сатып алуға ақша қаражаты бөлінген қызметкерге арнайы көлік құралын курделі жендеуден өткізуге және бензинге осы шарттың 13-қосымшасына сәйкес ақша қаражаты бөлінеді.

14) өндірісте жарақат алған 3-топ мүгедектерінің жұмысқа орналастырылуын, қажет болғанда, олардың қайта оқытылуын қамтамасыз етуге;

15) қызметкердің кәсіби ауруға шалдықканы анықталған жағдайда, оны медициналық қорытындыға сәйкес жұмыс істей қабілеті қалпына келгенге немесе мүгедектік тағайындалғанға дейін орташа жалақысын сақтап, басқа жұмысқа ауыстыруға;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte еңбек міндеттерін орындаған кезде қызметкердің мертігуіне, кәсіби ауруға шалдығуына немесе денсаулығының басқаша зақымдалуына байланысты келтірілген залалды өтеу үшін төленетін сомаларды қайта есептеуге;

17) жылдың сүйк мезгілінде ашық далада жұмыс істейтін қызметкерлерге әр сағат сайын жылдынуға он минут беруге. Бұл уақытты жұмыс уақытына кіргізуге. Аталған қызметкерлерді жылдынуына және демалуына арнайы жабдықталған орын-жаймен қамтамасыз етуге;

18) мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талап етуі бойынша жұмыс тоқтатылған жағдайда, қызметкерді орташа жалақысын сақтай отырып, басқа жұмыс орнына ауыстыруға;

19) зардап шегуші немесе оның туысы өз өкілін өздері айқындайтын жағдайдан басқа кезде, кәсіподак қызметкерін кәсіподак мүшесі болып табылатын зардап шеккен қызметкердің үәкілетті өкілі деп санауға;

20) жаңадан ұйымдастырылған өндірісте арнайы киім мен арнайы аяқ киімді беру нормаларын олардың жұмыс ерекшелігін ескере отырып белгілеуге;

21) қызметкерлердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандырылуын қамтамасыз етуге;

22) еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды жақсартуға бағытталған кешенді іс-шараларды кәсіподак органдарының, өндірістік кеңестердің және/немесе қызметкерлердің барлық тиісті деңгейдегі және барлық құрылымдық бөлімшелердегі өкілдерінің қатысуымен және кеңесімен әзірлеуге.

## VII бөлім. Қоғам қызметкерлеріне арналған әлеуметтік пакет

13. Жұмыс беруші мынаған міндет алады:

1) 1-інші және 2-інші топ мүгедектігіне байланысты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңымен белгіленген жасының келуіне байланысты зейнеткерлікке шығуна қатысты жұмыстан босатылған кезде темір жол көлігі ұйымдарындағы:

- еңбек өтілі 5 жылдан кем болса – лауазымдық жалақысынан (тарифтік мөлшерлемесінен) 25% мөлшерінде;

- еңбек өтілі 5 жылдан астам қызметкерлерге – лауазымдық жалақысы (тарифтік мөлшерлемесі) мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеуге.

Жасына байланысты салалық жәрдемақы алушыларға жоғарыда көрсетілген өтемақы олар Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы бойынша зейнеткерлік жасқа жеткен кезде төленеді.

«Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарға біржолғы өтемақыны 50 пайызға ұлғайтуға;

2) мыналарға ақшалай көмек көрсетуге:

а) қызметкердің қайтыс болуына байланысты – 100 АЕК; қызметкердің ата-анасы, жұбайы/жары, балалары қайтыс болуына байланысты – 50 АЕК;

Ақшалай көмек ақшалай көмекті алуға құқығы бар отбасы мүшелерінің біреуіне көрсетіледі.

б) бала тууына, жана туған баланы асырап алына байланысты –30 АЕК мөлшерінде, ал 4, 5-класты станцияларда және разъездерде жұмыс істейтін қызметкерлерге – 40 АЕК мөлшерінде;

Ақшалай көмек баланың әрқайсысына төленеді.

в) некеге тұруға байланысты – бюджеттен бөлінген қарожат шегінде 15 АЕК мөлшерінде.

Материалдық көмек көрсету туралы өтініштер мемлекеттік органдардан оқиғаның болғанын растайтын құжаттарды алған күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

Ақшалай көмек оқиға болған күні белгіленген АЕК көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Егер ақшалай көмек алуға құқығы бар отбасы мүшелері Қоғамның қызметкерлері болып табылса, онда көмекті олардың біреуіне ғана көрсетуге;

3) мына қызметкерлерге жылына бір рет темір жол көлігімен жол жүру ақысын төлеуге:

а) Қоғам қызметкерлеріне («Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарды қоспағанда) және олардың асырауындағы адамның біреуіне ғана жолаушылар пойызының купе вагонымен, сондай-ақ «Талъго» вагондарынан құрастырылған пойыздардың «Турист» класты вагонымен жол жүру құнынан аспайтын мөлшерде;

б) Қоғамның «Күрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған қызметкерлеріне және олардың асырауындағы адамдардың біреуіне жолаушылар пойызының жатын вагонынымен, сондай-ақ «Тальго» вагондарынан құрастырылған пойыздардың «Бизнес» класты вагонымен жол жүру құнынан аспайтын мөлшерде.

Қызметкерлерге темір жол көлігімен барып-қайту шығындары өтеледі, бұл ретте, пойыз жөнелтілетін станциядан жол жүру құжатын (билетті) сатып алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жол жүру шығындары Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағы бойынша темір жол келігі жүретін сол жолдағы басқа станциялардан сатып алынған жол жүру құжатының (билетінің) негізінде төленеді.

Төте (тікелей) маршрут пойздары болмаған жағдайда, транзитпен жол жүрге және қажет бағыттағы пойыздардың бір бағытына (баратын жеріне дейін және кері қайту) екі рет ауысып отыруға рұқсат етіледі.

Транзитпен ауысып отыру уақыты 48 сағаттан аспауды тиіс.

Егер соңғы жол жүру құжатын сатып алған күн есепті кезеңнің желтоқсан айына келетін болса, бірақ қызметкер теміржол көлігімен жол жүру шығындарын қайтару туралы өтінішті келесі есепті жылдың қаңтар айында жіберсе және осы қызметкерге сол есепті жыл ішінде теміржол көлігімен жол жүру шығындары төленбеген болса ғана қызметкерге темір жол көлігімен барып, қайту шығындары жылына екі рет төленуі мүмкін.

Қызметкердің асырауындағы адамның (қызметкердің өзімен бірге алып жүруінсіз) жол жүру шығыстарын бір адамға өтеу кезінде, қызметкердің асырауындағы адамсыз жүру шығындарын қайтарып алуға құқылы.

Қызметкердің қалауы бойынша (жылына бір рет жол жүру шығындарын қайтарып алу құқығының орнына) бір жыл ішінде жолаушылар және қала маңы қатынасындағы пойыздармен айна екі рет жол жүру шығындарын (барып-қайту) қайтаруға, бұл ретте бір бағытқа бару қашықтығы 150 км-ден аспауды тиіс.

Темір жол көлігімен жол жүру шығындарын өтеу тәртібі Қоғамның жергілікті актілерімен айқындалады;

4) Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат шегінде:

а) қызметкерлерге Қазақстандағы және таяу шетелдердегі сауықтыру орталықтарының санаторий-курорт сауықтыру орындарына жеңілдікпен жолдамалар беруге;

б) темір жол көлігінде, кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар қызметкерлерге медициналық көрсеткіштері, толтырылған санаторий карталары, жолдамасы төленген шоты болған кезде 60 еселенген АЕК мөлшерінде, (Қоғам тарапынан санаторий-курортта сауықтыру қызметін көрсететін санаторийлерге жеңілдікпен берілетін жолдамаларды есептемегендे).

Санаторий-курортта сауықтыру орындарына берілетін жолдамалар мен ақшалай көмек Қоғам филиалдарының ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлері мен

Қоғамның жергілікті актісінде айқындалған адамдар санатынан басқа, айлық тарифтік мөлшерлемесі (лауазымдық ақысы) мөлшері 150 АЕК-тен аспайтын қызметкерлеріне беріледі.

Санаторий-курортта сауықтыру орындарына жолдама беру/материалдық көмек көрсету тәртібі Қоғамның жергілікті актілерімен айқындалады;

5) темір жол көлігінде, кем дегенде, 20 жыл еңбек өтілі бар қызметкерлерге тіс протездеу шығындарын жиырма төрт айда бір рет Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат көлемінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде төлеп беруге;

Тіс протездеу шығындары тіс протездеу қызметі көрсетілген фактіні растайтын құжаттар (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар актісі, фискалды чек) негізінде төленеді.

Тіс протездеу шығындарын төлеу тәртібі Қоғамның жергілікті актілерімен белгіленеді;

6) 3, 4, 5-класты станцияларға, басып озу пункттері мен разъездерге шақырумен келген қызметкерлерден басқа, жіберу қағазымен жұмыс істеуге келген жас маман – теміржолшылар мен ауысқысы келетін қызметкерлерге орналасуы үшін 25 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек көрсетуге және алғашқы екі жыл ішінде тарифтік мөлшерлемесіне 20 пайыздық үстемеақы төлеуге;

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан 3, 4, 5-класты станцияларға, озу пункттері мен разъездерге жұмысқа келген қызметкерлерге Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке балама рубльмен төлеуге;

7) темір жол саласындағы жоғары және орта арнайы кәсіби білім беретін мекемелерде білім алулары үшін қызметкерлерге және олардың балаларына жұмыс берушінің актісіне сәйкес қаражат бөлуге;

Қызметкерлерді оқыту іс-шараларын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы негізінде жүзеге асыруға;

8) темір жол саласындағы еңбек өтілі ер азаматтар үшін – кем дегенде 20 жыл, әйел азаматтар үшін – кем дегенде 15 жыл болған жағдайда, мерейтой даталарына байланысты қызметкерлерді: әйел азаматтарға – 55 жас, ер азаматтарға – 60 жасқа толуына байланысты бір айлық тарифтік мөлшерлеме (еңбекақы) көлемінде біржолғы ынталандыру сыйақысы төлеуге.

Біржолғы ынталандыру сыйақысы оқиға болған күнгі айлық тарифтік мөлшерлеме (лауазымдықақы) мөлшерінде жүргізіледі.

Біржолғы ынталандыру сыйақысын беру туралы өтініш оқиға болған күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

9) 8 наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында әйел азаматтарға Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат көлемінде 8 АЕК-тен аспайтын мөлшерде біржолғы ынталандыру сыйақысын төлеуге;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүктілікке және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алына байланысты табысы болмайтын жағдайға қатысты әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалынатын, орташа еңбекақысы сақталатын жүктілікке және босануына байланысты, жаңа

туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеуге.

Жүктілікке және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысы болмайтын жағдайға қатысты әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалынатын, орташа еңбекақысы сақталатын, жүктілікке және босануға байланысты, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеу жөніндегі өтініштер босанған және бала асырап алған күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей берілуі тиіс;

11) Қоғамның зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін көздейтін жергілікті актісіне сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттарын бұзған қызметкерлерді қоспағанда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті, сондай-ақ пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне байланысты жұмыстарда істейтін қызметкерлерге олар зейнеткерлік жасқа толғанға дейін кемінде 3 жыл бұрын салалық жәрдемақылар енгізу мүмкіндігін қарауға;

12) Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат шегінде өндірісте жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған Қоғам қызметкерлері мен қызметкерлердің отбасыларына, көзделмеген шығындарға апаратын айрықша маңызды оқигалар туындаған кезде 200 АЕК-тен аспайтын мөлшерде материалдық көмек көрсетуге;

Ақшалай көмек көрсету тәртібі Қоғамның жергілікті актілерімен белгіленеді;

13) жоғары білікті кадрларды қолдау, жұмысқа тарту мақсатында жұмыс берушінің актісіне сәйкес қызметкердің меншігіне жеңілдікпен баспана беруге.

Кадрлардың желілік станциялар мен бөлек пункттерде тұрақтауы үшін оларды қызметтік баспанамен қамтамасыз ету шараларын көздеуге;

14) жас қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында:

- Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат шегінде «Сен болмасаң, Кім?», деген ұранмен жас теміржолшылардың жыл сайынғы корпоративтік лагерь сессияларын, «Жастар – темір жол болашағы!» деген ұранмен жас қызметкерлердің аймақтық және республикалық форумдарын,

- «Жас үздік маман» кәсіби конкурсын өткізуге;

15) жыл сайын өтетін «Жас үздік аман» атты кәсіби конкурстың қорытындысы бойынша 5 (бес) жеңімпазға мына мөлшерде біржолғы ақшалай сыйақысын беруге:

- 1 (бірінші) орын алған қызметкерлерге – 100 АЕК;

- 2 (екінші) орын алған қызметкерлерге – 80 АЕК;

- 3 (үшінші) орын алған қызметкерлерге – 60 АЕК;

16) жыл сайын «Жастар күніне» орай Қоғам филиалдары қызметкерлері арасында өтетін «Мерейлі жас, темір жол отбасы» конкурсының жеңімпаздары атанған жас отбасыларына Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат көлемінде 15 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек көрсетуге.

Конкурс өткізу тәртібі мен ережелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ жергілікті актілерімен белгіленеді;

17) білім беретін мекемелері (мектеп, мектеп-интернат) жоқ елді мекенде тұратын, мектеп жасындағы балалары бар қызметкерлерге қажетті құжаттарды (қызметкердің мектеп жасындағы балаларының санын растайтын анықтамаларды, мектептің орналасқан жерін және балалардың осы мектепте оқитының растайтын мектеп анықтамаларын) тапсырған кезде, қалалар мен ірі станциялар торабында орналасқан мектептердегі, мектеп-интернаттардағы оқу орнына барып келу үшін бір окушыға оқу жылы кезеңінде ай сайын 1 АЕК мөлшерінде қосымша ақы төлеуге;

18) қызметкерлерге уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты берілетін әлеуметтік жәрдемақыны заңнамаға сәйкес есептелген орташа еңбекақы есебімен төлеуге.

Бұл ретте, уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты айына бір рет берілетін жәрдемақының көлемі мына мөлшерден аспауы тиіс:

темір жол саласындағы еңбек өтілі 15 жылға дейін болса – 15 АЕК;

темір жол саласындағы еңбек өтілі 15 жылдан астам болса – 30 АЕК.

Қызметкерге жұмыста жарақат алуына немесе кәсіби ауруға шалдығуна байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы үшін жәрдемақыны орташа еңбекақының 100% (жұз пайыз) мөлшерінде төлеуге;

19) мыналарға:

а) балаларды сауықтыру орталықтарында Қоғам қызметкерлері балаларының, оның ішінде еңбек қабілетін толық немесе ішінана жоғалтқан немесе еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан қызметкерлердің балаларының жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру;

б) Қоғам қызметкерлері балаларының демалыс орындарына медицина қызметкерінің қарауымен барып-қайтуына ақша бөлүге;

Балалардың балаларды сауықтыру орталықтарында болған кезеңде жолдама құнының есебінен жазатайым оқиғалардан ерікті түрде сақтандырылуын қамтамасыз етуге;

20) жыл сайын «Отан қорғаушылар күні» мерекеленуіне орай Қоғам қызметкерлері – Қоғамда есепте тұрған Чернобыль АЭС апат салдарын жоюға қатысқандарға және ҰОС қатысушыларына тенестірілген (Ауғанстанда немесе соғыс іс-қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өтегендерге) 20 АЕК мөлшерінде біржолғы ақшалай көмек көрсетуге;

21) жұмыс орындарын (лауазымдарын) және еңбекақыларын сақтай отырып, қызметкерлердің әлеуметтік-мәдени іс-шараларға, Қоғам және Кәсіподак өткізетін жастар форумына және басқа да форумдарға, конференцияларға, тренингтерге, пікірталас клубтарына, сессияларға, жас кәсіподак көшбасшысы мектептеріне және Қоғам мен Кәсіподактың құрама командаларының республикалық және халықаралық сайыстарына қатысуын қамтамасыз етуге;

22) Қоғам бюджетінде қаражат болған жағдайда, барлық қызметкерлерге медициналық қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

23) донор болып табылатын қызметкер медициналық тексеруден және қаны мен оның құрамдас бөліктерін донациялаған күндері жұмыстан босатылып, орташа еңбекақысы сақталады.

Донор функциясын жүзеге асыруши донорға орташа еңбекақысы сақталып, қосымша бір күн демалыс беріледі.

Егер донор болып табылатын қызметкер жұмыс берушінің келісімі бойынша қанды және оның құрамдас бөліктерін донациялаған күні жұмыска шыққан жағдайда, оған оның қалауы бойынша басқа бір күні орташа еңбек ақысы сақталатын демалыс берілуі немесе бұл күн жыл сайынғы еңбек демалысына қосылуы мүмкін;

24) трансплантация үшін ағзалардың (ағза бөліктерінің) және (немесе) тіндердің (тін бөліктерінің) доноры болып табылатын қызметкер тексерілетін және ағзаларын (ағза бөліктерін) және (немесе) тіндерін (тін бөліктерін) алатын кезде оның жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заннамасына сәйкес өзге де кепілдіктер беруге міндетті;

25) жұмыс істеп жүрген бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған әкелерге (бала асырап алушыларға) жұмыс уақытында әр үш сағат сайын баласын (балаларын) тамақтандыру үшін ұзақтығы мынадай қосымша үзілістер беруге:

1) бір баласы барларға – әр үзіліс уақыты отыз минуттан кем болмауы тиіс;

2) екі немесе одан да көп балалары барларға – әр үзіліс уақыты бір сағаттан кем болмауы тиіс.

Баланы (балаларды) тамақтандыру үшін берілетін үзіліс уақыты қызметкердің өтініші бойынша демалуға және тамақ ішуге берілетін үзіліс уақытына қосылады немесе жиналған үзіліс уақыты жұмыс күнінің (ауысымның) басында немесе сонында беріледі.

Баланы (балаларды) тамақтандыру үшін берілетін үзіліс уақыты жұмыс уақытына қосылады. Үзіліс кезінде әйелдердің, әкелердің (асырап алушылардың) орташа еңбекақысы сақталады;

26) жүкті әйелдер тексерілетін және жүктілігіне байланысты он екі аптаға дейін медициналық есепке тұратын уақытта жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтауға, сондай-ақ заннамаға сәйкес өзге де кепілдіктер беруге;

27) «Болашак» халықаралық стипендиясы аясында шетелге оқуға, тағлымдамаға жіберілген қызметкерлерге жұмыс орны (лауазымы) сақталатын оқу демалыстарын беруге.

Бұл ретте, егер қызметкер оқу аяқталған күннен бастап 2 ай ішінде жұмыстағы лауазымдық міндеттеріне кіріспесе, қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталмайды;

28) еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты берілетін жәрдемақыны мына жағдайда төлемеуге:

а) қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде өндірістік жаракат алуы салдарынан еңбекке уақытша жарамсыз болған қызметкерге, кінәсі занды қүшіне енген сот үкімімен анықталған жағдайда;

б) қызметкер соптың ұйғарымы бойынша мәжбүрлі түрде емделген кезде (психикалық аурулардан басқа);

в) кінәсі занды қүшіне енген сот үкімімен немесе сот қаулысымен анықталып, қызметкер қамауда болған және сот-медициналық сараптамадан өткен кезде;

г) ішімдік ішу, есірткі және токсикологиялық заттарды қолдану салдарынан ауырып қалған немесе өндірісте жаракат алған қызметкер еңбекке уақытша жарамсыз болған кезде;

д) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кезінде уақытша еңбекке жарамсыз болған күндері үшін жәрдемақы төленбейді;

29) кластан тыс станциялар мен бірінші класты станцияларда жұмыс істейтін қызметкерлердің, Қоғамның Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан орталық аппараты мен филиалдары қызметкерлерінің бір жастан он жас аралығындағы балаларына жаңа жылдық ертеңгіліктер ұйымдастыру үшін бір балаға АЕК-тің 50 пайызынан кем болмайтын мөлшерде қаражат қарастыруға, ал Қоғам филиалдарының 2, 3, 4, 5-класты станциялар мен разъездерде жұмыс істейтін қызметкерлеріне Жаңа жыл қарсаңында бір балаға АЕК-тің 50 пайызынан кем болмайтын мөлшерде ақшалай көмек көрсетуге.

Бюджеттен қызметкерлердің, сондай-ақ еңбек қызметіне байланысты болған жазатайым оқиға нәтижесінде еңбек ету қабілетінен толық немесе ішінара айырылған не қаза тапқан қызметкерлердің он үш жасқа дейінгі балаларына жаңа жылдық сыйлықтар сатып алу үшін бір балаға ҚҚС-сыз бір АЕК-ке дейін тұратын бір сыйлықтың құны есебімен қаражат көздеуге.

Егер баланың ата-анасының екеуі де Қоғам қызметкерлері болса, онда жаңа жылдық сыйлық және жаңа жылдық ертеңгілікке арналған билет/ақшалай көмек олардың тек біреуіне ғана беріледі;

30) әр балаға мына мөлшерде ақшалай көмек көрсетуге:

а) 1 қыркүйек қарсаңында 3 және одан көп оқушы баласы бар қызметкерлерге, 2 оқушы баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырган қызметкерлерге – 2 АЕК мөлшерінде;

б) Мүгедектер күніне орай 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар қызметкерлерге – 10 АЕК мөлшерінде.

Егер баланың ата-анасының екеуі де Қоғам қызметкері болса, онда ақшалай көмек тек олардың біреуіне ғана беріледі;

31) Отбасы күніне орай Қоғамның төрт және одан да көп баласы бар (18 жасқа дейінгі балалары, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар) қызметкерлерінің көп балалы отбасыларына және жалғыз өзі 2 және одан көп бала тәрбиелеп отырган қызметкерлеріне 4 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек көрсетуге.

Егер баланың ата-анасының екеуі де Қоғам қызметкері болса, онда ақшалай көмек тек олардың біреуіне ғана беріледі;

32) Балаларды қорғау күніне орай 14 жасқа дейінгі баланы/балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерге 5 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек көрсетуге;

33) Мұгедектік алған қызметкерлермен еңбек шарты бұзылған жағдайда, олардың Қоғам филиалдарына есепке алынып, оларға Қоғамның зейнеткерлері ретінде әлеуметтік пакет берілуін қамтамасыз етуге;

34) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлердің зейнеткерлік жасқа жетуіне үш жылдан аз уақыт қалғанда олармен Еңбек кодексінің 49-бабының 1), 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шарттары бұзылған жағдайда, олардың зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты Қоғамның зейнеткери ретінде есепке алынуын мынадай екі шарт болған жағдайда ғана қамтамасыз етуге:

а) темір жол көлігіндегі жалпы еңбек өтілі, кемінде, 30 жыл болған жағдайда;

б) еңбек шарты бұзылғанға дейін темір жол көлігіндегі үздіксіз еңбек өтілі, кемінде, 3 жыл болған жағдайда;

35) Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат шегінде жыл сайын, номинанттар мен жеңімпаздардан басқа, «Жоба-менеджмент» конкурсына қатысатын үміткерлерге 20 АЕК мөлшерінде біржолғы ақшалай ынталандыру сыйақысын беруге.

Конкурстың тәртібі мен шарттары «ҚТЖ» ҰК» АҚ жергілікті актілерімен айқындалады.

### **VIII бөлім. Қоғам зейнеткерлеріне арналған әлеуметтік пакет**

#### **14. Жұмыс беруші мынаған міндет алады:**

1) Қазақстан Республикасына көшіп келген, зейнеткерлікке Тәуелсіз Мемлекеттер достастығына қатысуышы елдердің темір жол ұйымдарынан шыққан, еңбек өтілі, кем дегенде, 10 жыл болатын зейнеткертеміржолшылардың Қоғамның филиалдарында тұрғылықты жері бойынша есепке алынуын қамтамасыз етуге және оларға осы шартта көзделген жеңілдіктерді беруге;

2) зейнеткер қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе оны жерлеу рәсімін өткізетін адамға АЕК-тің 15 еселенген мөлшерінде ақшалай көмек көрсетуге.

Қоғамның Ресей Федерациясының аумағында орналасқан филиалында есепте тұрған зейнеткер қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе оны жерлеу рәсімін өткізетін адамға Қазақстан Республикасында белгіленген АЕК-ке балама рубльмен;

3) Қоғам бюджетінен бөлінген қаражат көлемінде жиырма төрт айда бір рет мына зейнеткерлердің тіс протездеу шығындарына 10 (он) АЕК-тен аспайтын мөлшерде төлем жүргізуғе:

а) темір жол көлігі ұйымынан жасының келуіне байланысты немесе «КТЖ» ҰК» АҚ зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін көздейтін жергілікті актісі шенберінде зейнеткерлікке шыққан, темір жол көлігі саласындағы еңбек өтілі 25 жылдан кем болмайтын зейнеткерлер;

б) жалпы сырқатына немесе жарақаттануына байланысты мүгедектік алып жұмыстан шыққан және еңбек өтіліне қарамастан Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде есепте тұрган зейнеткерлер.

Қоғамның Ресей Федерациясының аумағында орналасқан филиалында есепте тұрган зейнеткерлерге тістерді протездеуге арналған шығыстарды өтөу Қазақстан Республикасында белгіленген АЕК-ке балама рубльмен жүргізіледі.

Тіс протездеу шығындары тіс протездеу қызметі көрсетілген фактін растайтын құжаттар (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар актісі, фискалды чек) негізінде төленеді.

Тіс протездеу шығындарын төлеу тәртібі Қоғамның жергілікті актілерімен айқындалады;

4) Көлік қызметкерлері қуніне орай зейнеткерлер мен жасына байланысты салалық жәрдемақы алушыларға 2 АЕК мөлшерінде біржолғы ақшалай көмек көрсетуге:

а) темір жол көлігі саласындағы еңбек өтілі 10 жылдан кем болмайтын және темір жол көлігі ұйымынан жасының келуіне байланысты зейнеткерлікке шыққандарға;

б) жалпы сырқатына немесе жарақаттануына байланысты мүгедектік алып жұмыстан шыққандар мен Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде есепте тұрганғандарына.

5) Көлік қызметкерлері қуніне орай Қоғам филиалдарында есепте тұрган, Қарттар үйіндегі зейнеткерлерге бару үшін Қоғам бюджетінде көзделген қаражат шенберінде жыл сайын 7 АЕК қаражат бөлуге;

6) айрықша маңызды оқиғалардың болуына байланысты ақшалай көмек көрсетуге. Ақшалай көмек көрсету тәртібі мен шарттары Қоғамның жергілікті актілерімен айқындалады;

7) Женіс қунін тойлау қарсаңында Ұлы Отан соғысына, Қатынас жолдары халық комиссариатының арнайы құрылымдарына қатысқан зейнеткерлерге 30 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек көрсетуге.

8) Қоғамда есепте тұрган Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне бір ардагерге айна 50 кВт есебінен тұтынылған электр энергиясы мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсетуге;

9) теміржол көлігімен жол жұру ақысын төлеуге арналған шығыстарды жылына бір реттен асырмай өтөуге міндетті:

а) зейнеткерлікке теміржол көлігі кәсіпорындарынан шыққан және жұмыс өтілі кем дегендे 10 жыл болатын Қоғамның зейнеткерлеріне («Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарды қоспағанда) 10 АЕК-тен артық емес мөлшерде;

б) «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған Қоғамның зейнеткерлеріне жолаушылар/жүрдек пойыздарының жатын вагонында,

«Бизнес» класты «Тальго» вагондарынан құрастырылған пойыздарда жол журу құнынан артық емес мөлшерде өтеуге міндettі.

Зейнеткерлерге теміржол көлігімен баратын жеріне және кері қарай жол жүруін төлеуге арналған шығыстар өтеледі, бұл ретте жөнелту станциясынан кері бағытта жол журу құжаттарын (билеттерін) сатып алу мүмкіндігі болмаған жағдайда жол жүруді төлеу сол жолдағы Қазақстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің басқа станцияларда сатып алынған жол жүру құжатының (билеттің) негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей маршрутта қатынайтын пойыздар болмаған жағдайда транзиттік жол жүруге және қажет бағыттағы пойыздарға бір бағытта (баратын жеріне және кері қарай) екі реттен артық емес ауысып отыруға рұқсат етіледі.

Теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстарды өтеу тәртібі Қоғамның жергілікті актілерімен анықталады;

10) 1-топ мүгедегі болып табылмайтын зейнеткерлерге Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес шарттарда женілдік жағдайларымен Қазақстанның сауықтыру орталықтарына санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар беруге;

11) 1-топ мүгедегі болып табылатын зейнеткерлерге бөлінген квота шектерінде санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамаларды бөлу кезінде бірінші кезекті тәртіппен санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамаларды беруге.

Санаторий-курорттық сауықтыруға жолдамалар 1-топтағы мүгедектің өтініші бойынша мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған кезде 24 айда 1 рет ұсынылады (осы Шарттың 12-тармағының 13-тармақшасына сәйкес санаторий-курорттық емдеуге арналған нақты шығыстарды Қоғам төлеген кезде жолдамалар мен материалдық көмек 24 айдан кейін берілуі мүмкін).

Үәкілетті мемлекеттік органның мүгедекке бөтен адамның күтімі қажеттілігі туралы берген қорытындысы болған кезде санаторлық-курорттық емдеуге арналған жолдаманы мүгедекке ілесіп жүретін тұлғаға беруге;

12) теміржол көлігіндегі еңбек өтілі кем дегенде 25 жыл зейнеткерлерге, сондай-ақ жұмыс өтіліне қарамай, өндірістік жарақаттану оқиғалары бойынша 1 және 2-топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты жұмыстан шыққан зейнеткерлерге, олар 70, 80, 90 және 100 жасқа толған кезде 7 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек көрсетуге.

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қоғамның филиалында есепте тұрған зейнеткерлерге материалдық көмек Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке балама рубльмен көрсетіледі.

Материалдық көмек оқиға болған күнге АЕК-тің белгіленген көрсеткіші мөлшерінде көрсетіледі;

13) филиалдардың басшылары мен кәсіподак комитеттері ардагерлер кеңестеріне зейнеткерлерді жерлеуді ұйымдастыруға көмек көрсетуін және қажеттілігіне қарай зейнеткерлермен олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс үшін автокөлік бөлуін қамтамасыз етуге;

14) жыл сайын, Отан қорғаушы күнін мерекелеуге орай Қоғамның зейнеткерлері - Чернобыль АЭС-індегі апат салдарларын жоюға қатысушыларға және ҰОС қатысушыларына тенестірілген (әскери қызметтің Ауғанстанда немесе оларда соғыс іс-қимылдары жүргізілген мемлекеттерде өткізген) зейнеткерлерге 15 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек көрсетуге міндеттеме алады.

## **IX бөлім. Кәсіподақтың міндеттері**

15. Кәсіподақ:

1) өз өкілеттігі шектерінде әлеуметтік-тұрмыстық қақтығыстардың алдын алу жөніндегі шараларды қабылдауға;

а) кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды, митингтерді, шерулерді, пикеттерді (ереуілдерді) және демонстрацияларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге;

б) кәсіподақ мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауатын арттыру бойынша, соның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша, келіссөздер жүргізу дағдысын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуге;

в) қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін және еңбек тәртібін сақтау қағидасын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауға көмектесуге;

г) кәсіподақ мүшелерін жарғыда белгіленген шарттар мен тәртіпте ақшаның түсуі және жұмсалуы туралы хабардар етуге міндетті;

д) Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын қызметкерлердің мұдделерін де кәсіподақ мүшелеріне арналған жағдайда білдіруге;

2) кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мұдделерін қорғауға:

олардың өмір сүру деңгейін арттыруға;

жұмыстан босату және жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге;

жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимін сақтауға;

3) салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізуге, кадр құрылымдарының қызметкерлерімен бірлесіп, Қоғам қызметкерлеріне жолдамаларды бөлуге, балалардың демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыруға қатысуға, бұл ретте әлеуметтік әділеттілік қағидаттарының сақталуын және Қоғамның барлық аймақтарын біркелкі қамтуды бақылауға міндетті;

4) өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасауға қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге, оларды болғызбау жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысуға міндетті;

5) зардап шеккен қызметкерлерге және өндірісте қаза тапқандардың отбасыларына Жұмыс берушінің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты қызметкерге мертігуден немесе денсаулығының басқа да зақымдануынан келтірілген зиянды уақытылы және толық өтеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біржолғы жәрдемақы төлеу мәселелерін шешуде тегін консультациялар мен құқықтық көмек беруге міндетті;

6) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен (қауымдастықтармен, одақтармен), өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда қызметкерлердің өкілдері болуға міндетті.

Өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап-арыз беруге, медиация жүргізу кезінде, сотта, еңбек төрелігінде немесе төрелікте, мемлекеттік органдарда олардың мүдделерін білдіруге, оларға өзге де құқықтық көмек көрсетуге;

7) Кәсіподак мүшелеріне ұйымдастырушулық, консультациялық, құқықтық және материалдық көмек көрсету;

8) мемлекеттік органдарға теміржолшыларды экономикалық және әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу;

9) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария мәселелері жөніндегі актілерді, еңбекті, өндірістік - тұрмыстық жағдайлар мен қызметкерлердің денсаулығын қорғау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге қатысуға;

10) осы Шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін Кәсіподак мүшелерінің жұмыс орындарына баруға;

11) еңбек жанжалдарына және осы Шарттың талаптарын орындау кезінде жұмысты тоқтатуға жол бермеуге міндетті;

12) Қоғам қызметкерлерінің балаларын демалыс орындарына дейін және кері қарай алып жүруді ұйымдастыруға;

13) Жұмыс берушінің өкілдерінің келісімі бойынша Жұмыс беруші бөлген қаражат шегінде дene шынықтыру-сауықтыру жұмысын уақытылы және сапалы түрде ұйымдастыруға міндетті.

## **X бөлім. Кәсіподак қызметі үшін жағдайлар мен кепілдіктер жасау**

### **16. Жұмыс беруші міндеттенеді:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіподак құқықтарын сақтауға, кәсіподак құрылымдарының қалыпты қызметі үшін қажетті жағдайлар жасауға;

2) кәсіподак органдарына олардың қызметі үшін қажетті орын-жайлар мен байланыс құралдарын тегін пайдалануға беруге;

3) Кәсіподак және оның филиалдары шақыратын кәсіподак съездеріне, конференцияларына, кеңестеріне, семинарларына жіберілген және өндірістік

жұмыстан босатылмаған делегаттарға, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелеріне іссапармен байланысты шығыстарды өтеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Қызметкерлердің шығыстарын өтеу Қоғам қызметкерлерін іссапарға жіберу қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

4) Кәсіподақ мүшелерінің жазбаша келісімі бойынша олардың еңбекақысынан мүшелік жарналарды ұстауға және бухгалтерия арқылы Кәсіподақ ұйымдарының есеп шотына аударуға;

5) Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеруге және енбекті қорғау жағдайына, оны жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тексеру жүргізуға қатысуши, негізгі жұмысынан босатылмаған Кәсіподақ өкіліне теміржолдық көлік шығыстарын өтеуге;

6) негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді:

Кәсіподақтың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес олардың қоғамдық міндеттерін орындауы үшін (айна 8 сағатқа дейін);

Кәсіподақ және оның филиалдары шақыратын съездерге, конференцияларға, сондай-ақ олардың кеңестерінің, семинарларының жұмысына делегаттар ретінде қатысу үшін орташа еңбекақысын сақтап еңбек міндеттерін орындаудан босатуға;

7) осы Шартта көзделген Жұмыс берушінің міндеттерін орындауы туралы қажетті ақпаратты Кәсіподаққа беруге;

8) Кәсіподақ органдарына сайланбалы лауазымдарға сайланғандықтан өндірістік жұмыстан босатылған қызметкерлерге олардың сайланбалы өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысын (лауазымын), ал ол болмаған жағдайда – сол немесе қызметкердің келісімі бойынша Компанияның басқа құрылымдық бөлімшесінде соған тең жұмыс (лауазым) беруге;

9) осы кезеңге дейін Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеген, теміржол көлігінде кем дегенде он жыл жұмыс өтілі бар Кәсіподақтың сайланбалы органдарынан зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлердің Қоғамның филиалдарында бекітілуін қамтамасыз етуге;

10) Қоғам қызметкерлері үшін Кәсіподаққа жыл сайын дене шынықтыру-сауықтыру жұмысына қаражат бөлуге міндеттенеді.


## **XI бөлім. Тараптардың қабылдаған міндеттемелерін орындағаны үшін жаупкершілігі**

17. Осы Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылуына және орындалмауына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауптыв болады.

## XII бөлім. Шарттың орындалуын бақылау

18. Осы Шарттың орындалуын бақылауды Жұмыс берушінің және сіподактың өкілдері жүзеге асырады.
19. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде туындаған дауларды ттеуді жергілікті жерлерде құрылған комиссиялар жүзеге асырады.
20. Осы Шартты орындау қорытындыларын Жұмыс беруші мен сіподак жылына екі рет қарайды.
21. Шарт талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, зушылықты анықтаған Тарап екінші Тарапқа бұзушылықты жою туралы ынысты жазбаша түрде жібереді. Тараптар 10 күннен кешіктірмей өзара нсультациялар өткізуге және Тараптардың орындауы үшін міндettі жазбаша рде шешім қабылдауға міндettі.
22. Шарттың мәтіні жарияланып, Қоғамның корпоративтік сайтында оналастырылады.

Вагонсервис»  
кционерлік қоғамынын  
ас директоры



Г. Аманбаев



**«Қазақстанның салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігінің  
терағасы**



О. Ахметбаев



«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 1-қосымша

**Кәсіподак мүшесі болып табылмайтын қызметкерлердің  
 Ұжымдық шартқа қосылу  
 ТӘРТІБІ**

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің қәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – кәсіподак) кәсіптік одағының мүшесі болып табылмайтын, бірақ «Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы Ұжымдық шарттың әрекеті оған қатысты болуын қалайтын «Вагонсервис» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерінің Ұжымдық шартқа жазбаша өтініш негізінде қосылу құқығы болады.

Ұжымдық шартқа қосылуға ниет білдірген Қоғам қызметкері тиісті өтінішті (осы Тәртіптің қосымшасына сәйкес жазбаша түрде) Қоғамның орталық аппаратының/филиалының кадрлық қызметіне Жұмыс беруші мен Кәсіподак комитетінің төрағасының атына жолдайды.

Өтініш Қоғамның орталық аппаратының/филиалының кадрлық қызметінде тіркеледі, одан кейін өтініш Жұмыс берушінің және Кәсіподак комитетінің өкілдерінің қатысуымен бірлескен отырыста қаралады, бұл ретте өтініш қарau мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) айдан артық болмауы тиіс.

Жұмыскерлердің өкілдері жұмыскердің Ұжымдық шарттың әрекетіне қосылуымен келіспеген жағдайда, Жұмыс беруші еңбек шартына қосымша женілдіктер мен өтемақылар көзделетін толықтырулар енгізуге құқылы.

Кәсіподак кәсіподак мүшесі болып табылмайтын, Ұжымдық шартқа жазбаша өтініш негізінде қосылған Компания қызметкерлерінің тізімдерін жасайды және тиісті деректерді Компанияның орталық аппаратының/филиалының кадрлық қызметіне, сондай-ақ кәсіподак филиалдарына береді.

Кәсіподақ мүшесі болып  
табылмайтын қызметкерлердің  
Ұжымдық шартқа қосылу  
тәртібіне қосымша

## ҮЛГІ

**Филиал директорына**

**Кәсіподақ комитетінің  
төрағасына**

**кімнен** \_\_\_\_\_

## Өтініш

Сізден «Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған Ұжымдық шарт әрекетінің маған кәсіподақ мүшелеріне сияқты шарттарда таратуды сұраймын.

Қолы күні, ТАӘ



«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 2-қосымша

**Өндірістік объектілерді еңбек жағдайы бойынша аттестациялау нәтижелері  
 бойынша тарифтік мөлшерлемеге (жалақыға) қосымша ақылар мөлшерлері**

1. Накты еңбек жағдайына және жұмыстарды орындау үзактығына байланысты тарифтік мөлшерлемеге (жалақыға) қосымша ақы мөлшері еңбек жағдайы бойынша өндірістік объектілерді аттестациялау жүргізу жөніндегі аттестациялау комиссиясының қорытындысының негізінде өндірістік факторлардың зияндылық дәрежесі бойынша балдар жиынтығы бойынша белгіленеді:

0,1 - дең 1,0 балға дейін - 5 пайыз мөлшерінде;  
 1,1 балдан 2,0 балға дейін - 8 пайыз;  
 2,1 балдан 3,0 балға дейін - 10 пайыз;  
 3,1 балдан 4,0 балға дейін - 12,0 пайыз;  
 4,1 балдан 5,0 балға дейін - 14,0 пайыз;  
 5,1 балдан 6,0 балға дейін - 16,0 пайыз;  
 6,1 балдан 7,0 балға дейін - 18,0 пайыз;  
 7,1 балдан 8,0 балға дейін - 20,0 пайыз;  
 8,1 балдан 9,0 балға дейін - 22,0 пайыз;  
 9,1 балдан 10,0 балға дейін - 24,0 пайыз;  
 10 балдан асқанда - 25,0 пайыз.

2. Бригадирлерге, жұмысшылардың көмекшілеріне еңбек жағдайлары бірдей болғанда қосымша ақы осы кәсіптер жұмысшыларына белгіленгендей мөлшерде белгіленеді.

3. Еңбек жағдайларын жақсарту (зиянды өндірістік факторларды төмендету) жөніндегі жұмыс орындарын кейіннен ұтымды ету кезінде растайтын құжаттар болған кезде қосымша ақылар азаяды немесе күшін жояды.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 3-қосымша

## **Жұмыс берушінің қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша немесе олардың пікірлерін ескерумен актілерді қабылдау тәртібі**

1. Жұмыс беруші қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша немесе олардың пікірлерін ескерумен өз құзыреттілігі шегінде еңбек құқықтарының нормалары, соның ішінде ережелер қамтылатын:

- филиал қызметкерлінің еңбекақысын төлеу туралы;
- жұмыс уақытының режимі туралы (нақты жұмыс режимдері құрылымдық бөлімшелердің ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді);
- еңбек нормасын қайта қарау туралы (өнімділік, уақыт, қызмет көрсету және саны);
- ауысым графиктері туралы;
- мерзімнен тыс жұмыстар сағаты туралы;
- демалыс және мереке күндеріндегі жұмыстар туралы;
- бос тұрулар туралы;
- еңбек жағдайының өзгерістері туралы;
- демалыс графиктері туралы;
- Еңбек кодексінде көзделген жағдайда еңбек шартын бұзу туралы;
- сабын беру нормалары туралы;
- қызметкерлерді моральдық және материалдық ынталандыру туралы;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы;
- Қоғам пенсиянерлерін есепке қою туралы;
- Қоғам зейнеткерлерін есепке қою туралы актілерді қабылдайды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды және үлгі нұсқаулықтарды өндеу, әзірлеу, бекіту және қайта қарау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Жұмыс беруші қызметкерлер өкілдеріне Жұмыс беруші актісінің жобасын және сол бойынша негізdemесін ұсынады. Қызметкерлердің бірнеше өкілдері болған кезде Жұмыс берушінің актілері бойынша пікірлерді есепке алу үшін бірыңғай өкілдік орган құрылады, оның сандық құрамы оларға ұсынылатын қызметкерлердің санына пропорционал болады.

Жұмыс беруші актісінің жобасын қызметкерлердің өкілдері ол ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде талқылайды. Жұмысқерлердің өкілдері шешімді осы Кодексте белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Жұмыс беруші актіні пікірді ескермей қабылдауға құқылы.

Қызметкерлер өкілдерінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, онда қызметкерлер өкілдерінің Жұмыс беруші актісінің жобасымен келіскеңі (келіспегені) көрсетіледі, олардың ұсыныстары болған жағдайда олар жазылады.

Егер қызметкерлер өкілдерінің пікірінде жұмыс беруші актісінің жобасына келісім болмаған не оны өзгерту жөнінде ұсыныстар болған жағдайда, Жұмыс беруші:

1) келісілген кезде, қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып, өзгертілген актін шығарады;

2) келісілмеген кезде, қызметкерлер өкілдерімен қосымша консультациялар жүргізуге құқылы.

Оларды шығару үшін келісімдерге, Ұжымдық шартқа сәйкес қызметкерлер өкілдерінің пікірлерін есепке алу қажет болатын Жұмыс беруші актілерінің жобалары бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде пайда болған қайшылықтар хаттамамен ресімделеді, оған Жұмыс берушінің және қызметкерлер өкілдерінің біреуі қол қояды, содан кейін Жұмыс беруші актін қабылдауға құқылы.

Егер Жұмыс берушінің шыгарған актісі Еңбек кодексінде, еңбек, Ұжымдық шарттарда, келісімдерде көзделген қызметкерлердің құқықтары мен кепілдіктерін бұзатын немесе нашарлататын ережелерді қамтыған жағдайда, ол еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға немесе сотқа шағым түсіруі мүмкін.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 4-қосымша

**Экологиялық қасірет аймақтарында түрғаны үшін еңбекақыға  
 белгіленген ұстемеақы мен женілдіктер  
 тізбесі**

**I. Семей ядролық полигон аудандары**

<b>Экологиялық қасіреттің әсеріне ұшыраған      аймақтардың атаулары</b>		<b>Еңбекақыға      әлеуметтік      төлемдердің      мөлшері</b>	<b>Женілдіктер      мен      өтемақылар</b>		
<b>облыстардың, аудандардың      атауы</b>	<b>теміржол желісі участеклерінің      атауы</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
<b>Максимум радиациялық қатер аймағы</b>					
Шығыс Қазақстан облысы:	№1 разъезд - Шөптіқақ станциясы, Жаңасемей станциясы (коспағ.) - Дегелен (Конечная коспағ.) станциясы		1,75 АЕК		12 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Павлодар облысы: Май ауданы Май ауылдық округі (бұрынғы Ақжар ауылдық кенесі)	Май разъезі (184 км разъезі)				
<b>Жоғары радиациялық қатер аймағы</b>					
Павлодар облысы: Май ауданы	Ақсу станциясы-Дегелен темір жол участекінде: Май разъезі (184 км разъезд) тек қана		1,5 АЕК		10 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Шығыс Қазақстан облысы: а) аудандар: Бородулиха, Шар, Жарма, Аяғөз; Семей к., Курчатов к.	разъезд 552 км (косқанда) - Жұзагаш станциясы, Семей станциясы және Жаңа Семей станциясы		1,5 АЕК		10 күнтізбелік күн қосымша демалыс
1	2	3	4		
б) аудандар: Шемонаиха, Глубокое, Ұлан; Өскемен қаласы, Риддер қаласы	Қазақстан разъезі – Огневка кенті (коск.), Өскемен-1 –Риддер участекі		1,5 АЕК		10 күнтізбелік күн қосымша демалыс
<b>Төтенше радиациялық қатер аймағы</b>					

Шығыс Қазақстан облысы: Бесқарағай ауданы	Шаған станциясы	2 АЕК	14 күнтізбелік күн қосымша демалыс
<b>Минимум радиациялық қатер аймағы</b>			
Шығыс Қазақстан облысы:  Аудандар: Таскескен, Алтай, Серебрянск	Ақтогай станциясы; Серебрянка станциясы – Зыряновск станциясы	1,25 АЕК	7 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Қарағанды облысы: Қарқаралы ауданы	Көкпекті станциясы (қоспағ.) – Қарағайлы станциясы		
<b>Жеңілдік берілетін әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ</b>			
Павлодар облысы: Баянауыл ауданы	Үшқұлын станциясы	1 АЕК	5 күнтізбелік күн қосымша демалыс

## II. Арап өніріндегі аудандар

<b>Экологиялық апат аймағы</b>			
Қызылорда облысы: аудандар: Арап, Қазалы	Құрлық станциясы (қоск.) – Төретам станциясы (қоспағ.) Сексеуіл станциясы – 16 разъезд (қоск.)	1,5 *	12 күнтізбелік күн қосымша демалыс, сауықтыруға арналғанлауазымды қ жалақы немесе бір айлық тарифтік ставка мөлшерінде материалдық көмек
Ақтөбе облысы: Шалқар ауданы	Алабас – Біршоғыр, Шоқысу – Құрлық станциясы, Шалқар станциясы – Тассай станциясы (қоск.)	коэффициент	

## Экологиялық дағдарыс аймағы

1	2	3	4
<b>Экологиялық дағдарыс жағдайына дейінгі аймақ</b>			
Ақтөбе облысы: аудандар: Темір, Байғанин, Ыргыз, Мұғалжар.	Темір (қоспағ.) – Сағыз (қоспағ.) Құдық станциясы – Алабасстанциясы (қоспағ.) Промежуточная ст. – 16 разъезд (қоспағанда) Жарқұм разъезі (қоспағ.) – Сағыр разъезі (қосқанда)	1,3 *	9 күнтізбелік күн қосымша демалыс, сауықтыруға арналғанлауазымдық жалақы немесе бір айлық тарифтік ставка мөлшерінде материалдық көмек

1	2	3	4
<b>Экологиялық дағдарыс жағдайына дейінгі аймақ</b>			
Ақтөбе облысы: аудандар: Темір, Байғанин, Ыргыз, Мұғалжар.	Темір (қоспағ.) – Сағыз (қоспағ.) Құдық станциясы – Алабасстанциясы (қоспағ.) Промежуточная ст. – 16 разъезд (қоспағанда) Жарқұм разъезі (қоспағ.) – Сағыр разъезі (қосқанда)	1,2 *	7 күнтізбелік күн қосымша демалыс, сауықтыруға арналғанлауазымдық жалақы немесе бір айлық тарифтік ставка мөлшерінде материалдық көмек
Қарағанды облысы: Ұлытау ауданы	12 разъезд – Жезқазған станциясы (қоспағ.)		

Түркістан облысы: аудандар: Арыс (соның ішінде Арыс қаласы), Отырар, Созак, Шардара; Түркістан қаласы; Кентау қаласының ауылдық округтері: Шага, Жана Икан, Ескі Икан, Ушқайық, Иассы, Оранғай, Қараашық, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы, Майдантал	Монтайтас станциясы (коск.) Бесарық (коспаг.) станциясы		
--	--	--	--

### Ескеrtпелер:

1. Қосымша демалыс негізгі еңбек демалысымен бір мезгілде беріледі.
2. Қызметкер мен Жұмыс берушінің келісімі бойынша қосымша демалыс негізгі еңбек демалысынан бөлек жұмыс жылышында басқа уақытында берілуі мүмкін.
3. Еңбек демалысын берумен бір мезгілде жыл сайын қолданыстағы төлемдердің үстіне айлық тарифтік ставка немесе лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған материалдық көмек көрсетіледі.
4. Арал өніріндегі экологиялық қасірет аймағында тұрганы үшін еңбекақыға коэффициенттер қызметкердің тарифтік ставкасына (лауазымдық ақысына) нақты жұмыс істеген уақыты үшін есептеледі. Төленетін үстемеақылардың мөлшері:  $(K-1) \times (T/H \times T_{\text{факт}})$  құрайды, ондағы:
  - К – экологиялық қасірет аймактарында белгіленген коэффициент;
  - Т (тенге) – қызметкердің айлық тарифтік ставкасының (лауазымдық еңбекақысының) мөлшері;
  - Н (сағат) – аталған жылдағы жұмыс уақытының тенгеріміне сәйкес сағат нормасы;
 Тфакт (сағат) – осы айдағы нақты жұмыс істеген сағат саны.
5. Қызметкермен еңбек шарты бұзылған кезде қосымша демалыстың пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы жұмыс істеген кезеңіне парапар өтеледі.
6. Қызметкерді қосымша демалыстан кері шақыртуға жол берілмейді.
7. Экологиялық қасырет аумағында женілдік ретінде қарастырылған еңбекақыға үстемеақылар мен қосымша ақысы төленетін демалыстар тек осы өнірлерде жұмыс істейтін және тұратын қызметкерлерге ғана белгіленеді.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 5-қосымша

**Жұру жолында орындарын ауыстырумен немесе жұмыстарды орындаудына байланысты қызмет көрсететін участеклер шегіндегі тұрақты орындалатын жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін ұстемеақы төленетін кәсіптер мен лауазымдар тізбесі**

Қоғамның филиалдарының аймақтық және желілік деңгейдегі басшылары мен қызметкерлері, соның ішінде:

1. Филиалдардың, аймақтық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері филиал шекарасы шегінде 3 тәуліктен аспайтын мерзімге кеткен кезде (осы Тізбенің 2-тармағында көзделгендерден басқа).
2. Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі аймақтық ревизорлар.
3. Филиалдардың шекарасы шегінде жол жұру кезінде жабдықтау жөніндегі инженерлер, автомашина жүргізушилері және материалдық-техникалық жабдықтау және жүктөрді экспедициялау мәселелерімен айналысадын басқа да қызметкерлер.
4. Пойыз электр механиктері, дизель-генераторлық қондырғы механиктері.
5. Жұмысқа жарамсыз вагондарға ілесіп жүретін жолсеріктер.

**Ескертпелер:**

1. Тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипаты бар қызметкерлерге шығыстарды өтеу мақсатында олар қызмет көрсететін участеклер шегінде АЕК-тен 50% мөлшерінде ұстемеақы төленеді.
2. Теміржол тасымалына байланысты жоспардан тыс сапарларда қызмет көрсететін қызметкерлерге КР уәкілетті органдарының талаптарын орындау шенберінде жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін мынадай мөлшерлерде:
  - 1) КР аумағы бойынша жол жұру кезінде-тенгемен, әр тәулік үшін АЕК-тен 50% мөлшерінде;
  - 2) КР аумағы бойынша жол жүрген кезде және жол жұру ұзақтығы 6 тәуліктен асқан кезде – тенгемен, әр тәулік үшін 4 АЕК мөлшерінде;
  - 3) ТМД және алыс шетел аумағы бойынша жол жұру кезінде – тенгемен, әр тәулік үшін 4 АЕК мөлшерінде ұстемеақы төленеді.
3. Қызметтік сапар кезіндегі жұмысты орындаудын орнына жол журуіне байланысты және тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар Жұмыс берушінің іссапарлар туралы актілерінде көзделген мөлшер шегінде ұсынылған төлем құжаттарына сәйкес өтеледі.
4. Вагондар мен басқа да жылжымалы құрамды жөндеуге апару және жөндеуден әкелу кезеңінде, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы (бұдан әрі – ТМД) республикаларының аумағы бойынша жұмыскерлерге жұмысының жүріп-тұру сипаты үшін АЕК-тен 50% мөлшерінде ұстемеақы төленеді.

5. Жылжымалы құрамды жөндеуге тапсыру және жөндеуден қабылдан алу үшін жөндеу пунктінде болған уақыты үшін және жолаушы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүрген кезде қызметтік іссапар үшін көзделген мөлшерде тәуліктік ақы төленеді, ал ТМД республикаларының аумағында осындай шығыстар шетелге уақытша іссапарларға шығатын қызметкерлер үшін белгіленген нормалар бойынша өтеделі.

6. Қызметкерлердің жолға шығу сәтінен бастап тұрақты жұмыс (тұрғылықты) орнына оралғанға дейінгі ұзактығы 12 сағат және одан да көп, бірақ толық тәуліктен аз немесе күнтізбелік екі күн ішінде 12 сағат және одан да көп қызметтік сапарда өткізген уақыты бір тәулік ретінде ескеріледі.

7. Ұстемеақыны төлеу үшін негізгі құжаттар №12 ФРУ нысанды разъезддерді есепке алу ведомосы, маршруттық парақ немесе іссапар куәлігі, сондай-ақ разъезддерді есепке алу кітaby болып табылады.

8. Жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін ұстемеақылар тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерде енбекке уақытша жарамсыздық күндері үшін төленеді.

9. Сыртқы сауда жүктөрін және жылжымалы құрамды берумен айналысатын шекаралық темір жол станцияларының ауысымдық қызметкерлеріне, сондай-ақ жұмыс орындарын автоматтандыруға қызмет көрсетумен айналысатын ақпараттық жүйелердің желілік бөлімдерінің қызметкерлеріне шетелде орналасқан қызмет көрсетілетін участекелер шегінде жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін ұстемеақы шетел валютасында мынадай мөлшерде төленеді:

1) шет ел темір жолының шектес шекаралық станциясында болған әрбір тәулік үшін - 60%, 4 сағаттан астам, бірақ бір тәуліктен аз – шетелге уақытша іссапарларға шығатын қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәуліктік норманың 15%;

2) 4 сағаттан кем болғанда ұстемеақы төленбейді.

10. Халықаралық пойыздардың қызметкерлеріне жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін мынадай мөлшерде ұстемеақы:

1) Қазақстан Республикасының және ТМД – ның басқа да елдерінің аумағы бойынша жол жүру кезінде - тенгемен, әр тәулік үшін АЕК-тен 50% мөлшерінде;

2) басқа елдердің аумағы бойынша жол жүріп өткен кезде – шетел валютасымен, әрбір тәулік үшін – 60% және осы елдердің аумағында бір тәуліктен аз болған кезде – шетелге уақытша іссапарларға шығатын қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәуліктік норманың 15%-ы төленеді.

«Вагонсервис»  
акционерлік қоғамы  
мен оның еңбек үжымы  
арасындағы  
2021-2023 жылдарға арналған  
Үжымдық шартқа  
6-қосымша

### Еңбек демалыстарының ұзактығы

	<i>Лауазымдардың атандырылған көштегі</i>	<i>Демалыстың күнтізбелік күндерінің саны</i>
<b>Коғамның орталық аппараты</b>		
Басшылық		30
Барлық атаудағы басшылар мен мамандар		30
<b>Филиалы Общества</b>		
Басқару аппаратының басшылары мен мамандары		28
Белімдердің, секторлардың, цехтардың, өндірістік участкерлердің басшылары мен мамандары		28
Козғалыс қауіпсіздігі жөніндегі аймақтық ревизорлар		28
Бригадир (босатылған), қойма, шаруашылық менгерушілері		24
Зан кенесшілері, аудармашылар		24, 28*
Барлық мамандықтағы техниктер, барлық атаудағы операторлар		24
Басшылар: вагондарға техникалық қызмет көрсету, вагондарды тасымалдауға дайындау, вагондардың орнын ауыстыру пункттері		28
Пойыз электр механизигі		24
Дизель-генераторлық кондырғы механиктері		28
Вагондарды қараушы, вагондарды қараушы-жөндеуші (ага)		24
Қызметтік женіл автомашинаның жүргізушісі		28
Хатшы		28
Жұмысшылар		24
Мастер (ага), бригадир, нұсқаушы		28
Босатылған бригадир		24
(Аға) инспектор		24, 28*
Ауысымдық кезекшілік атқармайтын вагондарды аға қараушы		24, 28*

### Ескертпе:

Басшылар кәсіподақ комитетінің келісім бойынша еңбек шарттарын жасасу кезінде мамандар мен қызметшілерге жұмыс участкесінің жүктелуіне байланысты 24 немесе 28 күнтізбелік күн мөлшерінде еңбек демалысының ұзактығын дербес белгілейді.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 7-қосымша

**Жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына құқық беретін еңбек  
 жағдайлары ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардағы кәсіптер мен  
 лауазымдардың тізбесі**

P/6 №	Кәсіптер мен лауазымдардың атауы	Ақы төленетін қосымша еңбек демалысының күнтізбелік күндердегі ұзақтығы
1	Аккумуляторларды жөндеумен және зарядтаумен айналысатын аккумуляторшы:  қышқыл (корғасын) сілтілік	12 6
2	Автомобиль жүргізуісі, оның ішінде арнайы (өрт сөндірушіден басқа), жүк көтергіштігі:  1,5-тен 3 т-ға дейін 3 т және одан жоғары	6 12
3	Газбен дәнекерлеуші, электрмен дәнекерлеуші және газбен кесуші:  үй-жайлардағы жұмыста сыртқы жұмыстарда	12 6
4	Брикеттердің көмірін (сланецін), сондай-ақ орман материалдарын тиетін, түсіретін жүк тиесіні	6
5	Тасымалданатын дефектоскоптармен тұрақты жұмыс істейтін ультрадыбыстық бақылау бойынша дефектоскопист	6
6	Үстық қазандықтарды жөндеумен тұрақты айналысатын қазаншы	6
7	Балгалар мен престердегі ұста	12
8	Колмен соғу ұстасы (балғашы)	12
9	Компрессорлық кондырылғылардың машинисі	6
10	Қатты отынмен жұмыс істейтін бу және су жылдыту қазандықтарына қызмет көрсететін қазандық машинисі (от жағушы):  қолмен түсіру кезінде механикаландырылған тиесінде	12 6
11	Сұйық отынмен және газбен жұмыс істейтін қазандық машинисі (от жағушы)	6
12	Жүк көтергіштігі автомобиль шассиіне құрастырылған машиналарда жұмыс істеу кезіндегі автомобиль крандарының машинисі:  3 т және одан жоғары	12

	3 т дейін	6
13	Темір жол, шынжыр табан және пневмодөнгелек жүрісті, іштен жану қозғалтқыштары, дизельдері және электр қозғалтқыштары бар крандарға қызмет көрсетумен айналысатын кран машинисі (краншы)	6
14	Барлық атаулардағы ауыр типтегі машиналардың машинисі	6
15	Экскаваторларға қызмет көрсететін экскаватор машинисі: электр қозғалтқыштармен жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышынан жұмыс істейтін	6 12
16	Металлизатор	6
17	Жылжымалы құрамды малдардан, жануарлардан алынатын шикізаттан, шанданатын жүктерден, улы химикаттардан және минералды тыңайтқыштардан тазалау және жуумен тұрақты айналысатын жылжымалы құрамды жуып-жинаушы	6
18	Нитро бояулармен үнемі жұмыс істейтін сырлаушы: камерасыз бояу кезінде пульверизатормен үй-жайларда қылқаламмен	12 6
19	Колмен пневматикалық және электрлі соқпалы аспаппен жол жұмыстарында тұрақты істейтін жол монтері	6
20	Вагондарды қараушы, вагондарды қараушы-жөндеуші (аға)	6
21	Пластмассадан жасалған бүйімдарды престеуші	12
22	Жүк пен бағажды қабылдап-тапсыруши	12
23	Өнеркәсіптік көріз желісіне қызмет көрсетумен, тазалаумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылар	12
24	Абаттандыру жөніндегі жұмысшы (лас қалдықтарды колмен жою жөніндегі жұмыстарда)	12
25	Өндірістік моншалардың (себезгі бөлмелерінің) жұмысшысы	6
26	Вагон депосының авто бақылау пунктінің бензин, керосин және ГОИ пастасын қолдана отырып, ауа таратқыштардың бөлшектерін ысқылаумен тікелей айналысатын қызметкер	6
27	Вагондарға қызмет көрсету пункттеріндегі жылжымалы құрамды жөндеу және вагондарды тасымалдауға дайындау жөніндегі слесарь	6
28	Этилденген бензинмен жұмыс істейтін қозғалтқыштар мен отын аппаратурасын жөндеумен айналысатын автомобилдерді жөндеу жөніндегі слесарь	12
29	АС-тазарту жөніндегі слесарь	6
30	Слесарь-жөндеуші: ыстық қазандықтарды жөндеумен айналысатын бу күш шаруашылығының қалған жұмыстарымен айналысатын	12 6
31	Қоғамдық дәретханаларда көрізді тазалау және жөндеу жұмыстарымен айналысатын слесарь-сантехник	6
32	Тұтас металл вагон сұзгілерін регенерациялаумен тұрақты айналысатын жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	6
33	Пойыздарды құрастыруши және құрастырушының көмекшісі	6
34	Жонғыш-құрсаушы	6
35	Сыртқы (қоғамдық) дәретханалар мен санитарлық тораптарды жинаумен айналысатын қызметтік үй-жайларды жинаушы	6

36	Өндірістік үй-жайларды жинаушы	6
37	Фрезерші	6
38	Отынмен жабдықтаушы	6
39	Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр монтёр	6
40	Жылжымалы құрамның электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	6
41	Сыртқы (когамдық) дәретханалар мен санитарлық тораптарды жинаумен айналысатын қызметтік үй-жайларды жинаушы, аумақты жинаушы	6
42	Жонушы	6

**Ескертпелер:**

1. Қоғам филиалдарының басшылары кәсіподақ комитеттерімен келісе отырып, осы Тізбені Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1053 бұйрығымен бекітілген «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларына» сәйкес толықтыра алады.

2. Кәсіптері осы қосымшада қарастырылған цех, участке басшыларына, бригадирлерге, көмекшілерге ұзақтығы тиісті кәсіптер жұмысшыларына берілетін қосымша демалыс ұзақтығындаі қосымша демалыс беріледі.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның енбек үжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Үжымдық шартқа  
 8-қосымша

### **Кәсіптік одактың сайланбалы органының уәждемелік пікір беру тәртібі**

Қоғамды тарату жағдайларынан басқа, Жұмыс беруші өзінің бастамасы бойынша енбек шартын бұзу жағдайы бойынша қажетті құжаттарды қоса бере отырып, уәжді пікір ұсыну туралы жазбаша өтініш береді:

негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен-осы адамдар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органына;

негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысымен (төрағасымен) - жоғары түрған кәсіподақ органына.

Кәсіподақ органы өтінішті тіркейді, отырыстың күнін белгілейді. Өтініш жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

Кәсіподақ органының отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

Өтініш Жұмыс беруші өкілінің және өзіне қатысты материалдар ұсынылған адамның қатысуымен қаралады.

Аталған адам кәсіподақ органының отырысына дәлелсіз себеппен келмеген жағдайда, мәселе оның қатысуынан қаралады.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

Кәсіподақ органы отырысының хаттамасына қатысушы мүшелер қол қояды.

Хаттамадан үзінді көшірмеге кәсіподақ органының басшысы (төрағасы) қол қояды және оған қатысты материалдар ұсынылған адамға және Жұмыс берушінің өкіліне шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде табыс етіледі.

«Вагонсервис»  
акционерлік қоғамы  
мен оның еңбек ұжымы  
арасындағы  
2021-2023 жылдарға арналған  
Ұжымдық шартқа  
9-қосымша

**«Вагонсервис» акционерлік қоғамында  
жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

«Вагонсервис» акционерлік қоғамында жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы (бұдан әрі - Келісу комиссиясы) қызметкер (қызметкерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер) арасында пайда болатын жеке еңбек дауларын олар өздерінің сот органдарына жүгіну құқығын іске асырганға дейін қарау және шешу мақсатында құрылады.

Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы 3 жылға дейінгі мерзімге құрылады. Осы мерзім шінде тараптар комиссия құрамын қалыптастыру үшін белгіленген тәртіппен өздерінің өкілдерін ауыстыра алады, барлық өкілдердің өкілдіктері бір мезгілде, оған комиссия құрылған мерзімнің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Келісу комиссиясын үйимдастыру-техникалық қамтамасыз етуді (жабдықталған жайларды, үйимдастыру техникасын, қажетті әдебиеттерді ұсыну, іс жүргізуі үйимдастыру, қызметкерлердің өтініштері мен істерін есепке алу және сақтау, шешімдердің көшірмелерін дайындау және беру және т.б.) Жұмыс беруші жүзеге асырады.

**2. Келісу комиссиясын үйимдастыру**

2.1. Келісу комиссиясы Қоғамда, сондай-ақ өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдерінің бірдей санынан тепе-тендік негізінде құрылатын, тұракты жұмыс істейтін орган болып табылады.

2.2. Келісу комиссиясына Жұмыс берушінің өкілдері бұйрықпен, үш адам санында тағайындалады, өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі.

«Вагонсервис» АҚ орталық аппаратының Келісу комиссиясының құрамына қызметкерлерден өкілдерді осы Қоғамның немесе оның еншілес қоғамдарының (серіктестіктерінің) кәсіподак комитеті саны үш адамды ұсынады (ұсынлады).

2.3. Келісу комиссиясына құрылымдық бөлімшелерден қызметкерлердің өкілдері үш адам санында кәсіподак жинальысында (конференцияда) сайланады, қажеттілік жағдайында оларды алмастыру (ауыстыру) кәсіподак комитетінің отырысында (кеңейтілген) жүргізілуі мүмкін.

2.4. Келісу комиссиясының мүшелері бірінші үйимдастырушылық отырыста өз құрамынан төрағаны, төрағаның орынбасарын сайлайды.

2.5. Келісу комиссиясын осы Ережеге сәйкес Келісу комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын төраға басқарады, Келісу комиссиясының төрағасы болмағанда комиссия қызметін Келісу комиссиясы төрағасының орынбасары басқарады.

2.6. Келісу комиссиясының хатшысы Келісу комиссиясының құрамына кірмейді, осы ұйым қызметкерлерінің арасынан тағайындалады және оның отырыстарына дауыс беру құқығының қатысады.

2.7. Комиссия отырысы, егер оған қызметкердің өкілі мен жұмыс берушінің тен пайыздық қатынасында оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды деп есептеледі.

2.8. Келісу комиссиясының мүшелері:

1) жеке еңбек дауы тараптарынан пайда болған пікір алшақтықтарының мәні бойынша қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және алуға;

2) жеке еңбек дауын шешудің өзіндік мүмкін нұсқаларын ұсынуға;

3) тараптар қабылдаған шешімдерге оларды қатысуы кезінде қолдарын қоюға құқылы.

2.9. Жеке еңбек дауын қарау кезінде Келісу комиссиясының мүшелері жеке еңбек дауын объективті шешу үшін қажетті материалдар мен құжаттарды зерттейді.

2.10. Келісу комиссиясының осы Ережемен оның функцияларына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдері Келісу комиссиясының отырыстарында қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

Жеке еңбек даулары мәселелері бойынша Келісу комиссиясы мүшелерінің дауыстары тен болған жағдайда, бұл мәселелер реттелмеген болып табылады және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес соттарда қаралады.

Хаттамаға Келісу комиссиясының төрағасы (Келісу комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда Келісу комиссиясының орынбасары) және хатшысы қол қояды.

Келісу комиссиясының мүшелері отырыс хаттамасын келіседі.

2.11. Келісу комиссиясы мүшесінің айрықша пікірі болған жағдайда хаттамаға Келісу комиссиясы мүшесінің айрықша пікірі қоса тіркеледі.

### **3. Келісу комиссиясының құзыреті**

3.1. Келісу комиссиясы ұйымда қызметкерлер мен жұмыс беруші арасында пайда болатын жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі міндетті сотқа дейінгі орган болып табылады. Келісу комиссиясы пайда болатын жеке еңбек дауларының барлығын да қарауға құқылы.

3.2. Келісу комиссиясы еңбек заннамасын, Ұжымдық шартты, келісімдерді және өзге жергілікті құқықтық актілерді, еңбек шарттарын қолданумен байланысты қызметкерлердің барлық жеке еңбек дауларын қарайды.

3.4. Келісу комиссиясы етініштерді қарау кезінде өтініш берушілердің Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 160-бабының талаптарын сақтауын тексереді.

3.5. Жеке еңбек дауының тарабы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 160-бабымен қарастырылған Келісу комиссиясына жүгіну мерзімін өткізіп алған жағдайда, оның етінішін Келісу комиссиясы келешекте осы шешіммен келіспеген тарапқа өзінің сотқа талап арызбен жүгіну құқығын іске асыруға рұқсат береді деген шешім шығарумен, қаралуы тиіс.

Сонымен қатар, бұл мезгілді өткізіп алу келісу комиссиясының дау жағдайлары бойынша тексеру жасамастан өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығаруы үшін дербес негіз бола алады.

3.6. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі өтініштің өту мерзімі қарастырылатын еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданысы кезеңінде, сондай-ақ келісу комиссиясы болмаған жағдайда ол құрылғанға дейін тоқтатыла түрәды.

3.7. Белгіленген мерзімді дәлелді себептер бойынша өткізіп алған кезде еңбек даулары жөніндегі комиссия оны қалпына келтіруі мүмкін.

3.8. Жеке еңбек дауын қарау жөніндегі келісу комиссиясының қызметкерді бұрынғы жұмыс орнында қалпына келтіру туралы шешімі деру орындауга жатады.

3.9. Жұмыс беруші жұмысында қалпына келтіру туралы шешімнің орындалуын кешіктірген кезде Келісу комиссиясы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 161-бабының 2-тармағына сәйкес қызметкерге орташа еңбекақысын немесе шешімді орындауды кешіктірген уақыттағы еңбекақысындағы айырмашылықты төлеу туралы шешім шығарады.

#### **4. Еңбек дауын қарау тәртібі**

4.1. Келісу комиссиясына келіп түскен өтініш берілген күні комиссия хатшысында міндетті тіркеуіне жатады.

4.2. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. Хатшы өтінішті ол келіп түскен және тіркелген соң келісу комиссиясының отырысына дейін 5 жұмыс күніне дейін Комиссияның қарауына беруге міндетті.

4.3. Келісу комиссиясы өтініш берушіні келісу комиссиясы отырысының орны, датасы және уақыты туралы отырысқа дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

4.4. Дау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өтініш берушінің және (немесе) оған табысталған өкілеттік шегінде оның үәкілетті өкілінің қатысуымен қаралады.

4.5. Дауды қызметкердің қатысуының қарауға тек оның жазбаша өтініші бойынша ғана рұқсат етіледі. Қызметкер Келісу комиссиясының отырысына келмеген жағдайда өтінішті қарау екі жұмыс күнінен артық емес мерзімге шегерілуі тиіс, ол туралы Қызметкер мен Жұмыс беруші хабардар етіледі.

4.6. Қызметкер дәлелді себептерсіз қайталап келмеген жағдайда Келісу комиссиясы өтінішті қараудан алып тастауы мүмкін, ол қызметкерді өтінішті қайталап беру құқығынан айырмайды.

4.7. Бұл жағдайда өтініш бірінші рет түскен ретінде, бұл ретте Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 160-бабымен қарастырылған мерзімдерді сақтаумен қаралады.

4.8. Келісу комиссиясы өтінішті тіркеу күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешім қабылдаған күннен бастап оның көшірмелерін дау тараптарына үш күндік мерзімде беруге міндетті.

4.9. Келісу комиссиясы отырыстарға істің мән-жайын анықтау үшін комиссия мүшелері болып табылмайтын күеларды, мамандарды шақыруы, Жұмыс берушіден еңбек дауын қарау үшін қажетті құжаттарды сұратуы мүмкін.

4.10. Келісу комиссиясының қажет құжаттаманы белгілі бір мерзімде ұсыну туралы талабы басшылар мен қызметкерлердің барлық санаттары үшін белгіленген тәртіппен міндettі орындауға жатады.

4.11. Қызметкер өтініште қойылған талаптардан келісу комиссиясының отырысы басталғанға дейін немесе келісу комиссиясының отырысында тікелей бас тартуға құқылы. Қызметкердің ұсынатын талаптардан бас тартуы жазбаша ресімделеді.

4.12. Келісу комиссиясының жұмысқа қайта алу туралы даудан басқа шешімі белгіленген мерзімде орындауға жатады.

4.13. Келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда белгіленген мерзімде қызметкер немесе Жұмыс беруші сотқа жүргінуге құқылы.

4.14. Келісу комиссиясының мүшелеріне, өтініш берушіге, куәларға, сарапшыларға және дауды қараудың басқа қатысуышыларына Комиссия отырыстарына қатысу уақытында жұмыс орны мен еңбекақысы сакталады.

4.15. Келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздерін, келіссөздер жүргізу білуді дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша жыл сайын оқудан өтүге міндettі.

## **5. Комиссияның шешімдер қабылдау тәртібі**

5.1. Келісу комиссиясының әрбір отырысында хаттама жүргізу міндettі, онда жеке еңбек дауларын қарау барысы жазылады.

5.2. Келісу комиссиясының шешіміне айрықша талаптар қойылады, ол нақты, кесімді және оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданған болуы тиіс. Жекелеген мүшелер көпшіліктің пікірімен келіспеген жағдайда, олар өздерінің айрықша пікірлерін білдіруге құқылы, ол хаттамаға қоса тіркеледі.

5.3. Келісу комиссиясы шешімінің міндettі күші болады және қандай да бір бекітүге мұқтаж емес. Шешім уәжделген, қолданыстағы еңбек заңнамасына негізделген болуы тиіс.

5.4. Шешімнің көшірмесі қызметкерге және жұмыс берушіге қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады.

5.5. Шешім жұмыс берушіге өтініш жасау түрінде (мысалы, «жұмыс берушіден сұрайды», «директорға ұсынылсын» және т.б.) ресімделмеуі тиіс.

Онда: қызметкердің талабы қанағаттандырылды ма немесе одан бас тартылды ма, егер жартылай қанағаттандырылса, онда қандай бөлігінде және қандай себептер бойынша екені анық көрсетілген болуы тиіс.

5.6. Келісу комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда қызметкер немесе жұмыс беруші сотқа жүргінуге құқылы.

«Вагонсервис»  
акционерлік қоғамы  
мен оның еңбек ұжымы  
арасындағы  
2021-2023 жылдарға арналған  
Ұжымдық шартқа  
10-қосымша

**Профилактикалық мақсатта сүт немесе  
соған тең бағалы тағамдарды пайдалану ұснылатын  
еңбектің ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайларымен  
байланысты кәсіптердің тізбесі**

<b>Кәсіптердің атауы</b>	<b>Олармен жұмыс істеу сүт немесе соған тең бағалы тағамдарды алуға құқық беретін зиянды химиялық заттардың тізбесі</b>
Қазандық машинисі (операторы), қазаншы	Көміртегі тотығы, көмір шаңы
Жуу машинасының машинисі	Күкіртті сутек, аммиак, шекті, шектелмеген көмірсутектер
Жылжымалы құрамды жуушы (жинаушы)	Керосин, шекті және шектелмеген көмірсутектер
Магнитті бақылау жөніндегі дефектоскопист	Ацетон, метиль спирті
Слесарь-сантехник	Күкіртті сутек
Жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	Ксиол, толуол
Жонушы	Қорғасын, көміртегі тотығы, металл шаңы
Өндірістік үй-жайларды жинаушы	Хлор, бутан
Электр газбен дәнекерлеуші	Хлорлы сутегі, азот, темір, көміртек totығы
Аккумуляторшы	Қышқыл калий, күкірт қышқылы, сілті
Дизель-генераторлық қондырғы механигі	Дизель отыны
Жүргізуші (бензовоз және АС машина)	Күкіртсугегі, көмірсутектер
Жолаушылар вагондарын жабдықтаушы (сумен және қатты отынмен)	Көмір шаңы, көмірсутектер
Сырлаушы	Ацетон, лак-бояу
Қараушы-жөндеуші (аккумуляторлық батареяларын, генератор жетегін, журіс бөлшектерін	Көмірсутектер

жөндеу жөніндегі)		
Радиомеханик	Свинцовий припой	
Фрезеровші	Метал шаны	
Ұста	Жұмыс аймағының жоғары шаңдануы және газдануы, жұмыс аймағының жоғары ауа температурасы	
Кран машинисі	Көміртегі тотығы	
Обой жапсырушы	Ацетон, лак-бояу	
Күзет жолсерігі	Майлы катардағы көмірсүтектер	
Жұқ тиеуші	Лак-бояу, күйдіргіш калий, майлы катардағы көмірсүтектер, хлор	
Жылжымалы құрамның электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь-электрик (тоназытқыш және жоғары вольтті жабдықтар)	Көмірсүтектер	
Дәретхана тазалаушысы	Хлор, бутан	

**Ескертпе:**

Басшылар кәсіподак комитеттерімен келісім бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері негізінде осы тізбені толықтыра алады.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 11-косымша

**Ауысым алдында медициналық күәландыру, рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап тексерулер талап етілетін кәсіптер тізімі**

№ р/б	Кәсіптер атауы		(барлық)	Тексеру кезеңділігі
	1	2		
1	Автокөлік күралдарының атаудағы)	жүргізушісі	(барлық	ауысым басталар алдында
2	Пойыз электр механигі, жумысқа жарамсыз ілесіп жүретін жолсерік	вагондарға		рейс басталар алдында
3	Дизель-генераторлық қондырығы механигі			рейс басталар алдында
4	Механикалық көлік күралының	жүргізушісі		ауысым басталар алдында
5	Вагондарды қабылдаушы-инспектор			ауысым басталар алдында
6	Вагондарды аға қараушы-жөндеуші (барлық атаудағы)			ауысым басталар алдында

**Ескертпе:**

Басшылар кәсіподақ комитеттерімен келісім бойынша өндірістік қажеттілікке сәйкес осы тізбені толықтыра алады.



«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 12-көсімшада

### **Борышты аудару туралы келісім**

Нұр-Сұлтан қаласы

20\_\_ жылғы «\_\_»

Бұдан әрі «1-Тарап» деп аталатын \_\_\_\_\_ (еңбек міндеттерін орындаған кезде оның денсаулығына келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаның Т.А.Ә. жеке күәлігінің № және берілген күні) бір тараптан, бұдан әрі «2-Тарап» деп аталатын «Вагонсервис» акционерлік қоғамы атынан негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші тараптан және бұдан әрі «3-Тарап» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ (еңбек міндеттерін орындаған кезде оның денсаулығына келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаға протез жасау жөніндегі қызметтерді көрсететін субъектінің атауы) тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, борышты аудару туралы осы келісімді (бұдан әрі - Келісім) төмендегілер туралы жасасты.

1. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес 1-Тарап, 1-Тарап пен 3-Тарап арасында жасалған \_\_\_\_\_ жылғы №\_\_\_\_\_ шартта көзделген ушін \_\_\_\_\_ мәлшеріндегі соманы төлеу (бұдан әрі – төлем сомасы) жөніндегі борышын 2-Тарапқа аударады және 2-Тарап 3-Тарапқа төлем сомасын толық мәлшерде жүргізуге міндеттенеді.

2. 1-Тарап осы Келісімнің шарттарын іске асыру мақсатында 2-Тарапқа келесі құжаттардың:

1) белгіленген нысан бойынша жазатайым оқиға туралы немесе жазатайым оқиға немесе жұмыскердің еңбек міндеттеріне байланысты денсаулығының өзге де зақымдануы туралы актіні;

2) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы;

3) шарт;

4) шот - протезді дайындауға 3-Тараптың төлеміне;

5) жеке күәліктің көшірмесі

3. 2-Тарап пен 3-Тарап өзара есеп айырысулады салыстыру актілеріне қол қою арқылы Келісімге қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзара тиісті есептерді жүргізуге міндеттеме алады.

4. Тараптар, 1-Тараптың өзінің Шартта көзделген төлем бойынша міндеттемелерін орындауы есебінен осы соманы алу үшін 3-Тараптың 2-Тараптан төлем сомасын алатынымен келісті.

5. 1-Тарап 2-Тараптың Келісім бойынша міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапты болмайды.

6. Егер оларға Тараптардың өкілдері тиісті түрде қол қойған болса, мөр

бедерлері басылған болса (зағды тұлғалар үшін), осы Келісімге жазбаша нысанда енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар іс жүзінде жарамды болады.

7. Осы Келісімде көзделген қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8. Осы Келісім, оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Келісім бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

9. Келісім, бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан, мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) данада жасалған. Әртүрлі оқылу пайда болған жағдайда, Келісімнің орыс тіліндегі мәтіні басым болып саналады.

### **Тараптардың деректемелері мен қолдары**

<b>1-Тарап</b>		<b>2 - Тарап</b> Заңды мекенжайы:  Нақты мекенжайы:
МО		МО

<b>3-Тарап</b> Заңды мекенжайы:  Нақты мекенжайы:	
МО	

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 13-косымша

**Еңбек міндеттерін орындаумен байланысты еңбек барысында  
 мертіккен немесе кәсіби ауруға шалдықкан мүгедектерге арнайы көлік  
 құралын сатып алуға, арнайы көлік құралын құрделі жөндеуге және бензинге  
 ақшалай қаражат бөлу тәртібі**

Жұмыс берушінің кінәсі бойынша еңбек барысында мертіккен немесе кәсіби аурудан мүгедек болған қызметкерлер Қоғамның қаражаты есебінен арнайы көлік құралымен қамтамасыз етіледі.

Арнайы көлік құралын сатып алу, соның ішінде оны қайта жабдықтау үшін мүгедекке 1800 АЕК-ке дейін мөлшерде ақшалай қаражат бөлінеді.

Мүгедектерге ақша бөлу өндірістегі жазатайым оқиға туралы актінін, оңалтудың жеке бағдарламасы, медициналық-әлеуметтік сараптаманың мүгедектің медициналық көрсетілімдер бойынша арнайы автокөлікке/арнайы көлік құралына қажеттілігі туралы қорытындысы бойынша, жүргізуге арналған құқығы болған кезде, сондай-ақ арнайы көлік құралы тиісті ұйымдардан ақысыз алынбаған жағдайда жүзеге асырылады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, сонан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Мүгедек арнайы көлік құралын 10 жылдан кем емес пайдалану мерзіміне сатып алады.

Мүгедекке арнайы көлік сатып алған күннен бастап арнайы көлік құралын құрделі жөндеу үшін бір рет 450 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай қаражат бөлінеді.

Арнайы көлік құралын құрделі жөндеуге ақшалай қаражат техникалық қарап тексеру станциясы жасаған техникалық акт және арнайы техникалық құралды жөндеу сақтандыру компаниясының есебінен жүзеге асырылмайды деген сақтандыру компаниясының анықтамасы негізінде бөлінеді.

Оз иелігінде арнайы автокөлік құралы бар мүгедекке ағымдағы айдың бірінші күніне, шығыстарының өтелуіне құқығы бар тұлға тұратын аумақта қалыптасқан сатып алушың босату бөлшек сауда бағалары бойынша АИ-92 бензинінің 75 литрінің құны мөлшерінде бензин шығындарына ай сайын ақшалай қаражат бөлінеді.

Мүгедекке арнайы көлік құралын сатып алу үшін қайтадан ақшалай қаражат бөлу арнайы көлік құралын сатып алған күннен бастап 10 жылдан ерте емес уақытта және келесі құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырылады:

- медициналық көрсетілімдері бойынша мүгедектің арнайы автокөлікпен/арнайы көлік құралымен қамтамасыз етуге мұқтаждығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың қолданыстағы қорытындысы;
- мүгедектің дербес оңалту бағдарламасы;
- өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт;

- арнайы көлік құралы тиісті ұйымдардан ақысыз алынбағандығын растау.  
Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері  
ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

«Вагонсервис»  
 акционерлік қоғамы  
 мен оның еңбек ұжымы  
 арасындағы  
 2021-2023 жылдарға арналған  
 Ұжымдық шартқа  
 14-косымша

**Еңбек міндеттерін орындаумен байланысты еңбек барысында  
 мертіккен немесе кәсіби ауруға шалдықкан мүгедектерге арнаулы  
 жүріп-тұру құралдарын сатып алуға ақшалай қаражат бөлу тәртібі**

Жұмыс берушінің кінәсі бойынша еңбек жарақатының немесе кәсіби ауруының салдарынан мүгедек болған қызметкер Қоғамның қаражаты есебінен арнайы жүріп-тұру құралымен қамтамасыз етіледі.

Арнайы жүріп-тұру құралдарының екі түрін алуға құқығы бар мүгедекке арнайы жүріп-тұру құралдарының екі түрін сатып алуға ақшалай қаражат бөлінеді.

Мүгедек бөлмелік кресло-арбаны 7 жыл пайдалану мерзіміне, кресло-арбаның құны 100 АЕК-тен аспайтын есеппен сатып алады.

Мүгедек серуендейтін кресло-арбаны 4 жыл пайдалану мерзіміне, кресло-арбаның құны 250 АЕК-тен аспайтын есеппен сатып алады.

Мүгедекке ақшалай қаражат бөлу өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті, дербес оналту бағдарламасы (бұдан әрі – ДОБ), медициналық көрсетілімдері бойынша мүгедектің арнайы қатынас құралымен қамтамасыз етуге мұқтаждығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы болған кезде, сондай-ақ олар тиісті үйымдардан ақысыз алынбаған жағдайда жүргізіледі.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде тапсырылады, соナン кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Мүгедекке арнайы жүріп-тұру құралдарын сатып алу үшін қайтадан ақшалай қаражат бөлу келесі құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырылады:

- медициналық көрсетілімдері бойынша мүгедектің арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге мұқтаждығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың қолданыстағы қорытындысы;

- мүгедектің дербес оналту бағдарламасы;

- арнайы қатынас құралы тиісті үйымдардан ақысыз алынбағандығын растау.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде тапсырылады, соナン кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.